1991
جىل
25
قاڭتار
№3(365)

تۋعان جەر ـ التىن بەسىك

شالقار

ШАЛҚАР

شەت ەلدەگى قازاقتارمەن مادەني بايلانىس جاسايتىن «قازاقستان» قوعامىنىڭ گازەتى

Бағасы 10 тиын.

گازەت 1976 جىلعى جەلتوقساننان باستاپ شىعادى

باعاسى 10 تيىن

نان باردا ٴسان بار

سەلينوگراد وبلىسىنداعى «زاۋود» امبەباپ ازىق-تۇلىك دۇكەنىنىڭ جانىندا تاۋلىگىنە ٴبىر توننا نان پىسىرەتىن ناۋبايحانا جۇمىس ىستەيدى.

زاۋود جۇمىسىن جەتى ادامنان قۇرالعان «نان» كووپەراتيۆى جۇرگىزەدى. ولار ەكى اۋىسىمدا نان ٴپىسىرىپ، تۇتىنۋشىلاردى ٴتۇرلى ونىمەن قامتاماسىز ەتەدى.

سۋرەتتە: ناۋبايشىلار عاليا قوجابەكوۆا، عاليا ەسقوجينا جانە لاريسا شۋلىس.

جۇما جاڭالىقتارى

قاڭتاردىڭ 12-سىندە كرەملدە سسرو پرەزيدەنتى م. س. گورباچەۆتىڭ ٴتوراعالىق ەتۋىمەن فەدەراتسيا كەڭەسىنىڭ ٴماجىلىسى بولىپ ٴوتتى. كۇن تارتىبىندە وداقتىق شارت جوباسىن ازىرلەۋ جونىندەگى جۇمىس تۋرالى ماسەلە تالقىلاندى. قورىتىندىسىندا ۇجات جوباسىن ازىرلەۋ جونىندەگى تىكەلەي جۇمىستى رەسپۋبليكالاردىڭ وكىلەتتى وكىلدەرى جۇرگىزسىن دەپ كەلىسىلدى.

* * *

قازاق سسر پرەزيدەنتى ن. ٴا. نازارباەۆ بايقوڭىر كوسمودرومىندا بولىپ، «پروگرەسس» ترانسپورت كورابلىنىڭ ۇشىرىلۋىنا قاتىستى.

ساپار سوڭىندا كوسمودرومنىڭ باسپاسوز ورتالىعىندا جۋرناليستەرمەن كەزدەسىپ، ٴتۇرلى ساۋالدارعا جاۋاپ بەردى. كوسموستىق ۇشۋ ساپارىنا قازاقتىڭ ەكى سىناۋشى-ۇشقىشى، سوۆەت وداعىنىڭ باتىرى توقتار اۋباكىروۆ پەن ۇشقىش تالعات مۇساباەۆتىڭ دايارلانىپ جاتقانىن جاريالاپ، ولار قازىر قىزۋ ازىرلىك ۇستىندە ەكەندىگىنە توقتالدى.

* * *

شەتەلدەرمەن دوستىق جانە مادەني بايلانىستار جونىندەگى قازاق قوعامىنىڭ شاقىرۋىمەن قازاقستان استاناسىنا موڭعول حالىق رەسپۋبليكاسىنىڭ بايان-ولگەي ايماعىنان ٴبىر توپ قوناقتار كەلدى. ولاردىڭ قاتارىندا ايماق باسشىلارى، مادەنيەت جانە قوعام قايراتكەرلەرى بار. بۇل ولاردىڭ رەسپۋبليكامىزعا العاشقى ساپارى. بولاشاقتا ىسكەر بايلانىستار نىعايا تۇسپەك.

* * *

الماتى تەمىرجول ترانسپورتى ينجەنەرلەرى ينستيتۋتىندا تۇڭعىش رەت قازاق ٴتىلى مەرەكەسى بولىپ ٴوتتى. وعان جۋرناليست، جازۋشى ٴازىلحان نۇرشايىقوۆ قاتىسىپ، ستۋدەنتتەرگە ٴتىلىمىزدىڭ قادىر-قاسيەتى، تاربيەلىك ٴمانى جايىندا اڭگىمەلەپ بەردى. كەش سوڭىندا ستۋدەنتتەر وزدەرى دايىنداعان تاعام تۇرلەرى بويىنشا اۋكتسيون ۇيىمداستىرىپ، ودان تۇسكەن 200 سوم قارجىنى ارال مەن بالقاش قورىنا اۋداردى.

* * *

مۇقاعالي ماقاتاەۆتىڭ ەسىمى ولەڭ سۇيەر قاۋىمعا ەتەنە تانىس. بيىلعى جىلدىڭ 8 اقپانىندا اقىننىڭ تۋعانىنا 60 جىل تولادى. سوعان وراي قازاقستان جازۋشىلار وداعى مەن الماتى وبلىستىق پارتيا كوميتەتىنىڭ جانىنان مۇشەلتويىدى وتكىزەتىن ارنايى ۇيىمداستىرۋ كوميسسياسى قۇرىلدى. كوميسسيا 8-اقپان كۇنى اقىندى ەسكە الۋ كەشىن ۇيىمداستىرىپ، نەگىزگى مۇشەلتوي دۋمانىن ماۋسىم ايىنىڭ سوڭعى كۇندەرىنە قالدىرۋدى ۇيعاردى. ول اقىننىڭ تۋعان جەرى قاراسازدا ۇيىمداستىرىلىپ، وعان وزگە تۋىسقان رەسپۋبليكالاردان، شەتەلدەردەن قوناقتار شاقىرماق.

شىدامدىلىق سىناعى

بيىلعى قاڭتار وتكەن جىلعىداي ٴتۇرلى وقيعالارعا باي. ايتسە دە دۇنيە جۇزىلىك قاۋىمنىڭ كىرپىك قاقپاي كوز قاداپ وتىرعان جەرى-پارسى شىعاناعى. قانشاما ادامنىڭ سوعىسقا قارسى ٴۇن كوتەرۋىنە قاراماستان ۇرىس ٴورتى تۇتانىپ، جالىنعا اينالىپ كەتتى. بۇل جەردە كىمنىڭ كىنالى، كىمنىڭ كىناسىز ەكەنىن اتاپ جاتپاي-اق قويايىق. ەڭ باستىسى، ٴارى قورقىنىشتىسى- اجال وعى ەشكىمدى اجىراتىپ، اق-قاراسىن تەكسەرىپ جاتپايدى. تالعاۋسىز جۇتا بەرەدى. سوندىقتان سوۆەت وداعىنىڭ بۇل ماسەلەدەگى كوز قاراسى ايقىن: قالاي بولعاندا دا جانجالدى بەيبىت جولمەن شەشۋ. ديپلوماتيالىق قاتىناستاردىڭ بارلىق ارنالارىن ۇتىمدى پايدالانا وتىرىپ، كەلىسىمگە قول جەتكىزۋ.

ۇرىس قيمىلدارىنىڭ وسى وڭىردە ٴوربۋى كۇللى مۇسىلمان قاۋىمىن بارىنشا الاڭداتۋدا. سول سەبەپتى دە تۇسىنىستىك پەن بەيبىت قاتار ٴومىر ٴسۇرۋ رۋحىنىڭ ۇستەم بولۋىنا ٴبىزدە مۇددەلەسپىز.

الەم جۇرتشىلىعىن الاڭداتقان تاعى ٴبىر وقيعا بالتىق جاعالاۋىندا بولىپ ٴوتتى. بۇل سوۆەت ەلىندە بەلەڭ العان دەموكراتيا مەن جاريالىلىققا، رەسپۋبليكالار ەگەمەندىگىنە بەرىلگەن سوققى بولدى. ليتۆاعا اسكەر كىرگىزىلۋىنە، بەيبىت كۇندە قانتوگىسكە نارازىلىق ٴۇنى بۇل جولى جاپپاي ايتىلدى. كەيبىر ٴىرى-ٴىرى قالالاردا نارازىلىق جينالىستارى وتكىزىلدى. قازاقستان حالقىنىڭ اتىنان ن. نازارباەۆ ادام ۇقىعىن اياققا باسقان وسى ٴىس-ارەكەتتى ايىپتادى. تەك ٴوزارا سىيلاستىق، رەسپۋبليكالاردىڭ ىشكى ىستەرىنە قول سۇعىلماعان جاعدايدا، كوپكە ورتاق زاڭدار ورىندالعاندا عانا ىلگەرى جىلجي الاتىنىمىزدى ماليمدەدى رەسپۋبليكا باسشىسى.

ليتۆاداعى وقيعادان سوڭ، تۋرا ٴبىر اپتادان كەيىن ٴازىربايجان حالقى وتكەن جىلعى قاندى وقيعالاردى ازا تۇتىپ، ەسكە ٴتۇسىردى. «ەندى كەزەك كىمدىكى؟» دەگەن قورقىنىشتى ساۋال قويىلماسا ەكەن، دەيدى قاراپايىم ادامدار. قازىرگى اۋمالى-توكپەلى زاماندا ەرتەڭگە دەگەن سەنىمنىڭ بولعانىنا نە جەتسىن! لايىم سولاي بولعاي،

ەندى كوڭىلسىز اڭگىمەنى دوعارىپ، قۋانىشتى، ٴۇمىت لەبى ەسەتىن جاڭالىقتارعا كوشسەك. كوپكە ٴمالىم، وتكەن جىلدىڭ سوڭىندا تۋىسقان تۇرىك رەسپۋبليكاسىنىڭ مادەنيەت مينيسترى زايبەك مىرزا كەلىپ كەتتى. بۇل، بىزدىڭشە، ٴتىلى دە، ٴدىنى دە جاقىن اتا تۇرىك ەلىمەن قارىم-قاتىناستى كەڭ ارناعا قويۋدىڭ باستاماسى. باس قوسۋلار بارىسىندا تۇرىك مەملەكەتىنىڭ قوجا احمەت ياسساۋي [illegible] مەن ارىستان باب مازارلارىن ٴوز قارجىلارىمەن گۇلدەندىرەتىنى رەسمي تۇردە ماليمدەندى.

مىنە، ەندى قازاقستان مادەنيەت مينيسترى قانات ساۋدابايەۆ باستاعان توپ تۇركياعا ساپارعا اتتانىپ وتىر. شىعىس مادەنيەتىنە ەلەۋلى ۇلەس قوسىپ وتىرعان تۇركيانىڭ قازاقستانعا بەرەرى، تيگىزەر جاردەمى دە قوماقتى بولارى ٴسوزسىز. باسقاسىن ايتپاعاندا، قازاق جاستارىنىڭ وسى ەلگە بارىپ جوعارى وقۋ ورىندارىندا ٴبىلىم الۋى، العانىن ەلگە جەتكىزۋىنىڭ ٴوزى ۇلكەن جەتىستىك بولار ەدى. تۇركتىڭ قانشاما باسىلىمدارى، كىتاپتارى ولار بىزگە جەتپەيدى. جەتكەنىن شالا سىنەمىز. سەبەبى تۇرىك ٴتىلىن ەشبىر جەردە وقىتپايدى. ٴتىپتى، الىپقاشپا كووپەراتيۆتەر مەن ٴتۇرلى ۇيىرمەلەر دە بۇل تىلگە جولامايدى. سوندىقتان بۇدان بىلايعى بايلانىستار تۇرىك ٴتىلىن ۇيرەنۋگە جاڭا ٴورىس اشادى دەپ ۇمىتتەنەمىز.

قاڭتار ايى ٴالى اياقتالعان جوق. تاعى دا جاڭا وقيعالاردىڭ، ەلەۋلى جاڭالىقتاردىڭ كۋاسى بولاتىن شىعارمىز.

رىزامىز

مەن وتكەن جىلى «شالقار» گازەتىنە جازىلۋعا كەش قالىپ، الدىرىپ وقيتىن ۇلكەن كىسىلەردىڭ ۇيىنە بارىپ وقىپ ٴجۇردىم. بيىل ۋاقتىندا جازىلدىم. الىستاعى باۋىرلاردىڭ «حالقىم، قازاعىم!» - دەپ تەبىرەنە جازاتىن سەزىمدەرىن، ماقالالارىن وقي وتىرىپ، قانداس باۋىرلارىمىزبەن ٴبىر كورىسىپ، تىلدەسۋدى اڭسايتىنمىن.

جاز ايلارىندا قارماقشى اۋدانىنداعى اعايىندارىمىزعا ٴبىر توپ تۋىستار كەلىپ كەتتى.

شەتتەن كەلگەن اعايىندارىمىزدىڭ ىبالىلىعى، ٴسوز سويلەۋى، ٴجۇرىس- تۇرىستارى، اتا-بابا عۇرپىن ساقتاۋى -ٴبارىمىزدى ٴسۇيسىندىردى. بۇل قاسيەتتەرى ولاردىڭ قادىرىن اسىرا ٴتۇستى. ٴبىز ٴتىلىن، ٴدىنىن، سالتىن ساقتاي بىلگەن وتانداستارىمىزعا شەكسىز ريزاشىلىعىمىزدى بىلدىرەمىز.

كەڭەسباي دوسبولوۆ.

قىزىلوردا قالاسى.

Бұл санда:

- Ел тынысынан бір үзім сөз
- Жаңа баспа жайын сөз етсек
- Құдіретті сөз хақында
- Алтын қазынаңы ардақ тұтсақ
- Еңбекші хаттары не айтады

اتقارار ئس از ەمەس



ٴتىلشىمىز جاڭادان اشىلعان «قازاق ۋنيۆەرسيتەتى» باسپاسىنىڭ ديرەكتورى سەرىك ابدىرايمۇۋقا جولىعىپ، اڭگىمەلەستى.

— سەكە، سەبەپسىز سالدار تۋىندامايتىنى سياقتى، جاڭا باسپانىڭ اشىلۋىنا نەندەي جاعداي تۇرتكى بولدى؟

— رەسپۋبليكامىزداعى جوعارعى وقۋ ورىندارى عالىمدارىنىڭ ەڭبەكتەرى ۇزاق جىلدار بويى نازاردان تىس قالىپ كەلدى. ۇيتكەنى ورتالىقتان شىققان وقۋ قۇرالدارىن تارجىمالاپ نەمەسە سول بويى پايدالانۋعا داعدىلانىپ كەتتىك. ٴوز مۇمكىندىكتەرىمىز مۇلدە ەسكەرىلمەدى. ٴتىپتى ونداي نيەتكە ۇركە قارادىق. ۋاقىت وزگەردى. قازاق ٴتىلىنىڭ مەملەكەتتىك تىلگە اينالىپ، ەگەمەندىگىمىزدىڭ ەڭسە كوتەرۋى ويعا ۇشقىن، بويعا قۋات بەردى. ٴسويتىپ جوعارعى وقۋ ورىندارىندا ساباقتى انا تىلىمىزدە جۇرگىزۋگە، سوعان سايكەس ٴوز عالىمدارىمىزدىڭ ەڭبەگىن پايدالانۋعا جول اشىلدى. قازاق مەملەكەتتىك ۋنيۆەرسيتەتىندە 12 فاكۋلتەت، 50–دەن استام كافەدرا بار. ولارعا تالاپ– تالعامعا ساي جاڭا وقۋ قۇرالدارى قاجەت. بۇلار ارناۋلى وقۋ ورىندارىن، ٴارتۇرلى كۇرستاردىڭ مۇقتاجىن وتەي الاتىن دەڭگەيدە بولۋى كەرەك. رەسپۋبليكادا 22 پەداگوگيكالىق وقۋ ورىندارى مەن ۋنيۆەرسيتەتتەر بار. ولاردى دا وقۋ قۇرالىمەن قاناعاتتاندىرۋدى ەسكەرىپ وتىرمىز. ارينە باسپا ٴالى تولىق قۋاتىندا جۇمىس ىستەي الاتىن دارەجەگە جەتكەن جوق. كەم– كەتىگىمىز كوپ. دەگەنمەن مۇنىڭ دا ولقىسى تولار دەگەن سەنىمدەمىز.

— بيىل قانداي جۇمىستار جۇزەگە اسىرىلماق؟

— كەمەلدەنگەن كەزىمىزدە جىلدىق كىتاپ شىعارۋ قۋاتىمىز 1700 باسپاتاباققا جەتپەك. الايدا «كورپەڭە قاراي كوسىل» دەمەكشى، بيىل 600 باسپاتاباقتىق 135 تاقىرىپتاعى ەڭبەكتى جارىققا شىعارۋدى جوسپارلادىق. بۇل كولەم جىل اسقان سايىن ۇلعايادى. 1994– 1995 جىلدارى باسپا تولىق قۋاتىمەن جۇمىس ىستەيتىن بولادى. بۇل كۇندەرى تولعاندىرىپ وتىرعان باستى ماسەلە– باسپاحانا قۇرىلىسىن جۇرگىزۋ. ونىڭ جوباسى جاسالۋدا. ەرتە مە، كەش پە، ايتەۋىر، جاڭا قۇرىلىس سالىنىپ، پايدالانۋعا بەرىلەرى ٴسوزسىز. سول كەزدەگى قاجەتتىمىزدىڭ قامىن وسى باستان ويلاۋىمىز كەرەك. اتاپ ايتقاندا، باسپاحانانى سوڭعى جاڭا تەحنيكا ۇلگىلەرىمەن جابدىقتاۋعا تۋرا كەلەدى. ارنايى باسپا جۇيەسىن، كومپيۋتەرلەردى ساتىپ الماقپىز. سول ارقىلى جۇمىس قولىن ازايتىپ، كىتاپ ساپاسىن ارتتىرۋعا جەتۋدى ماقسات ەتۋدەمىز. ەگەر بۇل ىسكە شەتەلدەردەگى قازاق باۋىرلارىمىز كومەكتەسسە، قۇبا– قۇپ بولار ەدى. ماسەلەن گەوگرافيا، حيميا سياقتى وقۋ قۇرالدارىنان 10 باسپاتاباقتىق ٴبىر كىتاپ باسۋ ۇشىن 3–5 جىل قاجەت. ەگەر جاڭا تەحنيكا قولعا تيسە، ٴبىر جىلدا 60 كىتاپقا دەيىن شىعارۋعا مۇمكىندىك بولادى. قىتايداعى، مونعولياداعى، تۇركياداعى قازاق اعايىندارىمىز سول جەردىڭ حالقى، ادەت– عۇرپى، تىنىس – تىرشىلىگى تۋرالى قولجازبالار جولداۋىن بولسا، شەتەل كىتاپحانالارىنداعى قازاقتار جونىندەگى ماتەريالداردى تاۋىپ جىبەرسە، قۋانا پايدالانار ەدىك.

— وقۋلىقتاردان باسقا وقىرماندار نازارىنا ۇسىناتىن كىتاپتار بولا ما؟

— 1993 جىلى قازاقشا–پارسىشا، قازاقشا– اراپشا، قازاقشا – جاپونشا، قازاقشا– قىتايشا وقۋلىقتار شىعارامىز. سونىمەن بىرگە «قازاق قالاي اشتىققا ۇشىرادى؟»، تۇرار رىسقۇلوۆتىڭ 4 حاتى، و. يساەۆتىڭ حاتى، «بەسەۋدىڭ حاتى»، ك. ەسماعانبەتوۆتىڭ «ٴبىز جايلى باتىس نە دەيدى»، ت. قوجاكەيەۆتىڭ «كوك سەڭگىرلەر»، ۋ. شالكەنوۆتىڭ «اقتوبە مە الدە بالاساعۇن با؟» سياقتى كىتاپتارى جارىق كورمەك. ولاردا قازاقتىڭ ەرتەدەگى تاريحى، اشارشىلىق كەزىندەگى قيىنشىلىق، 1938 جىلدارداعى رەپرەسسيا زوبالاڭى تاعى باسقا ماسەلەلەر ايتىلادى. مۇنىڭ ٴبارى جاستاردىڭ وتكەنىمىزدى جاقسىراق ٴبىلۋى ۇشىن جاسالاتىن شارا.

— گازەت وقىرماندارىنا تىلەگىڭىز بار ما؟

— «شالقار» گازەتىن جازدىرىپ الۋشىلار قازاقستانىمەن، كورشىلەس رەسپۋبليكامەن عانا شەكتەلىپ قالماعانىن جاقسى بىلەمىن. شەتەلدەردەگى اعايىندار دا اسىعا كۇتىپ، ٴسۇيىپ وقيدى. مەن وسىنى پايدالانا وتىرىپ، جالەل، مانسۇر تايجى سياقتى باۋىرلارىمىزدىڭ قولعا العان ىسىمىزگە سەپتىگىن تيگىزگەنىن قالار ەدىم.

— اڭگىمەڭىزگە راحمەت!

سۇحباتتى جۇرگىزگەن ورازباي بايباقۇلى.

ونەگەلى دە وركەندى قارتتار

شەلەك اۋدانىنىڭ تۇرعىنى– تۇرسىن مەن زۇرەحاندى اۋىل ادامدارى ەرەكشە ارداق تۇتادى. ۇيتكەنى ولار وسى اۋىلدىڭ وركەندەۋىنە بالا جاستارىنان ٴوز ۇلەستەرىن سارقا جۇمساعان جاندار.

بۇل كۇندە توقساننان اسقان قاريالار كوپ الدىندا تالاي ۇل–قىز، نەمەرە، شوبەرە وسىرگەندىكتەرىمەن ماقتانادى.

سۋرەتتە: ەرلى– زايىپتى تۇرسىن مەن زۇرەحان ەگىز تۋعان نەمەرەسى زاميرا مەن ەلميرانى ەرمەك ەتۋدە.

سۋرەتتى تۇسىرگەن ر. جۇسىپوۆ.

ەلگە كەلگەن سەلەبە

سەيتقالي مەڭدەشەۆ

سەيتقالي مەڭدەشەۆ 1882 جىلى ورال وبلىسىنىڭ جاڭاقالا اۋدانىندا تۋعان. قازان قالاسىنداعى مۇعالىمدەر سەميناريياسىن 1903 جىلى بىتىرگەننەن كەيىن مۇعالىمدىك جۇمىس اتقارعان.

1916 جىلعى قازاقتاردى مايداننىڭ قارا جۇمىسىنا الۋ جونىندەگى پاتشانىڭ جارلىعى جاريالانعاننان كەيىن مەڭدەشەۆ بۇعان قارسى ارەكەت ۇيىمداستىرادى. سول جىلى تامىز ايىندا استراحان گۋبەرناتورى سوكولوۆسكي ورداعا كەلەدى (ول كەزدە وردا استراحان گۋبەرنياسىنا قارايتىن). مەڭدەشەۆ گۋبەرناتوردىڭ قابىلداۋىندا بولىپ، قازاقتاردى قارا جۇمىسقا سالماۋدى تالاپ ەتەدى. الا قالعان كۇلدە جەڭىلدىك جاساپ، ولاردى قالدىرۋدى سۇرايدى. جەرگىلىكتى شونجارلاردىڭ حالىققا زورلىق– زومبىلىق جاسايتىنىن، سولارعا تيىم سالىنۋىن ەسكەرتەدى. سول كۇنىنىڭ ەرتەڭىندە گۋبەرناتوردىڭ جارلىعى بويىنشا مەڭدەشەۆتى تۇتقىنداپ، استراحان تۇرمەسىنە قامايدى. ونان مەڭدەشەۆ فەۆرال رەۆوليۋتسياسىنان كەيىن بوساپ، ورداعا ورالادى.

1917 جىلدىڭ جەلتوقسانىندا ورداداسوۆەت ۇكىمەتى ورناپ، مەڭدەشوۆ حالىق اعارتۋ جۇمىسىن باسقارادى. بوكەيدە قازاق مەكتەپتەرى اشىلىپ، قىسقا مەرزىمدى كۇرستار، ورداداعى مۇعالىمدەر سەميناريياسى اشىلدى. وقىتۋشىلارعا وقىتۋ ٴتاسىلىن ۇيرەتۋ ۇشىن «مۇعالىم» جۋرنالى شىعارىلدى. قازاق مەكتەپتەرىنە ارنالعان وقۋلىقتار بولماعاندىقتان ورىس تىلىنەن اۋدارىلىپ، ورداداباسىلدى. ول ۇشىن استراحاننان، قازاننان، موسكۋادان باسپا جابدىقتارى، قاعاز، بوياۋ الدىرىلدى. ٴسويتىپ قازاق مەكتەپتەرىنىڭ نەگىزىن قالاۋشىلاردىڭ ٴبىرى سەيتقالي مەڭدەشۇلى بولدى.

1920 جىلى ورىنبور قالاسىندا قازاق اسسر–ىنىڭ ٴبىرىنشى سەزىندە وكىمەت باسشىلىعى سايلانىپ، سەيتقالي مەڭدەشەۆ قازاق اسسر–ى اتقارۋ كوميتەتىنىڭ ٴتوراعاسى بولىپ سايلاندى. وسى جۇمىستا بەس جىل ىستەگەننەن كەيىن ولكەلىك، وداقتىق كولەمدە جاۋاپتى قىزمەتتەر اتقارادى.

مەن ول كىسىنى اكورگەنىم بار. 1928 جىلى كاسپي تەڭىزىنىڭ ورداجاق بەتىندەگى جيدەلى (نارىن قۇمىنىڭ ٴبىر بولەگى) قۇمىنداعى ٴبىزدىڭ ەلگە ورال وبلىسىنىڭ سول كەزدەگى شەتىن اۋدانىنان قونىس بەرگەن. جەر بەرىپ، قۇم ەلىن كوشىرگەندەگى ماقسات–ەلدى قونىستاندىرۋ، شارۋالاردى ەگىن ەگۋگە بەيىمدەۋ بولاتىن. شەتىنگە كوشىپ بارعاندار جازدا وزدەرىنىڭ كۇركەلەرىندە، كيىز ۇيلەرىندە تۇردى. قىسقا دايىندالىپ، سايدىڭ قاباعىن، جارىن قارىپ جەر ۇي سالدى. توبەسىن اشىپ، ٴشوپ–شەڭگەلمەن جاپقان. مالعا قىسقى ازىعى بولماعاندىقتان سۋ جاعالاسىنداعى قامىس– قوعا ٴشىندى باقتى. 1929 جىلى ۆكرۋگتەن ۋاكىل كەلىپ، حالىقتى جينادى.

— كولحوز ۇيىمداستىرىڭىزدار، ول ٴبىزدىڭ بولاشاعىمىز، – دەپ ۇگىتتەدى. حالىق كونبەدى. كوممۋنا قۇردى. اتى «كارل ماركس» دەپ اتالدى. مال–مۇلىك ورتاعا سالىندى. سول جىلى كوممۋناعا قازاق اسسر اتقارۋ كوميتەتىنىڭ ٴتوراعاسى ەرنازاروۆ، ونىمەن بىرگە ولكەلىك پارتيا كوميتەتىنىڭ ٴبولىم مەڭگەرۋشىسى جانايدار سادۋاقاسوۆ كەلدى.

— كوممۋناعا ۇيىمداستىرىلدىق دۇرىس ەكەن،– دەپ، باسقارما مەن سويلەستى. كەلەسى جىلى جازدا كوممۋناعا سەيتقالي مەڭدەشەۆ كەلدى. كوممۋنانىڭ جۇمىسىمەن، كوممۋنارلاردىڭ حال–جايىمەن تانىسقاننان كەيىن:

— تىم ەرتەرەك قۇرعان ەكەنسىزدەر. الايدا ۇيىمشىلدىقپەن ەڭبەك ەتۋ كەرەك،– دەپ اۋىل ادامدارىنا كەڭەس بەرگەن. مەڭدەشەۆ كوپ تىڭداپ، ٴتۇيىندى ەتىپ، از سويلەيتىن كىسى ەكەن. ٴكىشىپەيىل، ادامدارمەن سويلەسكەندە دە بارلىعىن ٴوز تەڭدەسىندەي سىپايى سويلەسەدى. وزىنەن ٴبىر قاسيەتى –سويلەگەن كەزدە باسىن سىپاپ وتىرادى.

وسى قىلىعىنىڭ ەسىمىزدە قالۋ سەبەبى مەملەكەت كولەمىندەگى زور قىزمەتكەر بولسا دا قاراپايىم جىلى شىرايلىلىعى. بۇل ول ادامنىڭ اقىل –ويىنىڭ ۇلكەندىگىن كورسەتەدى. حالىقتىڭ قالاۋلى ادامدارىنىڭ زاڭسىزدىقتىڭ، ادىلەتسىزدىكتىڭ قۇربانى بولىپ، ناحاقتان كەتكەنى كۇيىندىرەدى.

س. امىرحانوۆ،

قازاق سسر–ىنىڭ ەڭبەك سىڭىرگەن مۇعالىمى، پارتيا، ەڭبەك ارداگەرى.

قۇران كارىم

ال ەندى، وزدەرىنىڭ قۇپيا ىستەرى
دە، اشىق ىستەرى دە اللاعا ايان ەكەنىن
ولار قايدان ٴبىلسىن! ويتكەنى، ولاردىڭ
حات تانىمايتىندارى بار. ولدايلار تەك
(باسشىلارى ايتقان) قۇرعاق قيالدى عا-
نا مالدانادى دا، ۋنەمى ٴدۇدامال-كۇ-
ماندا جۇرەدى (77-78).

ال اقشاعا ساتىپ، كاسىپ ەتۋ ۇ-
شىن ولاردىڭ «بۇل قۇدايدان كەلگەن»-
دەپ، كىتاپتى قولدان جازاتىندارىن قاي-
تەرسىڭ! قۇرسىن، ولداي كاسىبى مەن
نەسىبى! سولارى ۇشىن دە ولار توزاق-
تىڭ تۇبىندە شىرقىرايدى (79).

«ٴبىزدى توزاقتا ساناۋلى كۇننەن
ارى ۇستامايدى»- دەيدى ولار. «نە-
مەنە، اللادان ۋادە الىپ پا ەدىڭدەر دەپ
سۇراشى»،-دەدى اللا (مۇحاممەدكە)،-
ەگەر ۋادە السادار، اللا سەرتىنەن
تايمايدى. الدە مۇنى دا بىلمەستىكپەن
ايتىپ جۇرسىڭدەر مە؟» (80).

كەرىسىنشە، ەگەر كىمدە-كىم جا-
ماندىق جاساسا، قاتەلىكتىڭ شىرماۋىنان
شىعا الماسا،ولار،ارىنە، توزاق وتىنا تۇ-
سەدى دە، سوندا ماڭگى قالادى. ال
ەندى يمان كەلتىرگەندەردىڭ، ىزگىلىك
جاساعانداردىڭ ورنى-جاننات بولىپ،
ولار سوندا ماڭگى تۇرا بەرەدى (81-
82).

دىڭ ەجەلدەن بەرگى تۇراقسىزدىقتارىڭ
عوي (83).

كەزىندە سەندەردەن: «ٴبىرىڭنىڭ
قانىڭدى ٴبىرىڭ توكپەڭدەر. ٴبىرىڭدى
ٴبىرىڭ مەكەن-جايلارىڭنان قۋىپ شى-
عارماڭدار» -دەپ ۋادە الدىق. سەندەر
ونى قابىلداعانسىڭدار. بۇعان وزدەرىڭ كۋا-
سىڭدەر (84).

سويتە تۇرىپ، ٴبىرىڭدى ٴبىرىڭ ول-
تىرۋدەسىڭدەر. كەيبىرەۋلەردى مەكەن-جا-
يلارىنان قۋىپ تا شىعۋدەسىڭدەر. سونداي
كۇنالى ٴىس ىستەۋگە، زورلىق- زومبى-
لىق جاساۋعا ٴبىرىڭ- ٴبىرىڭ كومەكتەسە-
سىڭدەر. قولدارىڭا تۇتقىنعا تۇسە قال-
عاندار بولسا، ولاردىڭ قۇنىن الىپ،
قۇتقارىپ جىبەرەسىڭدەر. بۇلاي ەتۋگە
مۇلدە تيىم سالىنعان ەدى عوي. سوندا
كىتاپتىڭ كەي سوزىنە سەنەسىڭدەر دە،
كەي سوزىنە سەنبەيسىڭدەر مە؟ ەگەر
كىمدە- كىم بۇلاي ىستەۋدەن تيىلماسا،
بۇل دۇنيەدەن قور بولىپ وتەدى دە،
قيامەت كۇنىندە اياۋسىز ازاپقا دۋشار
بولادى. اللا مۇنداي ىستەرىڭنەن دە بەي-
حابار ەمەس (85). مۇندايلار اقىرەتتى
دۇنيە تىرشىلىگىنە ايىرباستاعاندار. ون-
دايلارعا جازا جەڭىلدەتىلمەيدى جانە
اياۋشىلىق تا، كومەك تە جاسالمايدى
(86).

ەي، يسرائيل ۇرپاقتارى! سەندەر-
دەن، كەزىندە: «قۇدايدان باسقاعا قۇل-
شىلىق قىلماڭدار، اتا- انالارىڭا جاقسى-
لىق جاساڭدار، جاقىندارىڭا، پاقىر-
مىسكىندەرگە قايىرىمدى بولىڭدار، ادام-
دارعا انايى ٴسوز ايتپاڭدار، ناماز وقىڭ-
دار، زەكەت بەرىڭدەر»- دەپ ۋادەلە-
رىڭدى العان ەدىك. كەيىن سول سەرت-
تەن كوبىڭ تايىپ كەتتىڭدەر دە، ازدا-
عان ادام عانا قالدىڭدار. بۇل سەندەر-

زاسىن ايتايىق: مۇسا ع. س.-عا كى-
تاپ (تاۋرات) تۇسىردىك. ونىڭ سوڭىنان
ٴبىر نەشە پايعامبار جىبەردىك
جانە ماريام ۇلى يساعا كەرە-
مەتتەر (مۇعجيزالار) بەردىك (ولگەن-
دى ٴتىرىلتۋ، الاپەستى جازۋ ت. ب.).
ونى قاسيەتتى رۋحپەن (جابىرايلمەن)
جەبەدىك. ال جىبەرىلگەن پايعامبارلار-
دىڭ بارلىعى سەندەر قالاعانداي بولا
بەرمەيدى. سوندا تەگە سەندەر كەر-

8

**دايىندالادى. بىرەۋى جوعارعى ٴسوزدى
ەستىگەن سوڭ بىردەن باس تارتادى دا،
هارۋت، مارۋت دەگەن ەكى پەرىشتە
بابىل (ۋاۋيلون) دەگەن جەرگە ٴتۇسىپ
(تاڭەرتەڭ جانناتتان تۇسەدى دە، كەش-
كە قايتا ۇشىپ كەتەدى)، جەر بەتىنىڭ
شارۋاسىن ادال ورىنداپ جۇرەدى. ەن-
دى اللا ولاردى سىناماقشى بولىپ، ارۋ
ايەل بەينەسىندە زۇحرا سۇلۋدى جى-
بەرەدى. وعان ەكى پەرىشتەنىڭ دە كوڭ-
ىلى كەتىپ، عاشىق بولادى. مۇنى
سەزگەن زۇحرا: «الدىمەن ماعان ۇشۋ-
دى ۇيرەتىڭدەر، وزدەرىڭنىڭ مەكەن -
جايلارىڭدى كورسەتىڭدەر»- دەيدى.
ونىسىن ورىندايدى. «ەندى مەنى كۇ-
يەۋىمەنەن اجىراتىڭدار»- دەيدى. بۇل
دا ورىندالادى. «ەندى زينا جاساڭدار
(مەنىمەن جاقىنداسىڭدار)، ادام ولتىرىڭ-
دەر، ايتپەسە، اراق ىشىڭدەر»- دەي-
دى. الدىڭعى ەكى كۇناعا باتىلدارى
بارمايدى دا، ەكەۋى اراق ىشۋگە كى-
رىسەدى. اراقتا ماس بولعان سوڭ زينا
جاسايدى. بۇل قىلمىستا كۋا بولماسىن
دەپ، ادام ولتىرەدى. ٴسويتىپ، بارلىق
كۇناعا باتادى دا قالادى. كوككە ۇشايىن
دەسە، قاناتتارى جابىسىپ قالعان، باسقا
قاسيەتتەرى دە جوق. سونىمەن هارۋت،
مارۋت پەرىشتەلىگىنەن ازازىلگە اينا-
لىپ، كۇناكار پەندە بولىپ، ٴبىر جولا-
تا جەردە قالادى. سايتانداردىڭ ادام-
دارعا تاراتقان العاشقى سيقىرى دا سول
ەكى پەرىشتەنىڭ ەرلى-زايىپتىلاردى
اجىراتاتىن ٴازازىل سوزدەرى بولعان.**

ول ەكى پەرىشتە: «ٴبىز ادامدارعا ىرت-
كى سالىپ، سىناپ باعۋ ۇشىن كەلگەن-
ٴبىز، ٴبىزگە قاراپ كاپىر بولماڭدار»
دەپ، ايتپاينشا ەشتەڭە ۇيرەتپەيتىن.
ال ولار بۇل ەكەۋىنەن ەڭ اۋەلى ەر-
لى- زايىپتىلاردى اجىراتاتىن سيقىردى
ۇيرەنەتىن ەدى. ٴبىراق ولىمەن دە اللا-
نىڭ رۇقساتىنسىز ەشكىمگە زيان كەل-
تىرە المايتىن. سوندا ولاردىڭ ۇيرەنە-
تىنى ادامدارعا پايدا كەلتىرمەيتىن،
تەك زيان كەلتىرەتىن سيقىرلار ەدى.
كىمدە-كىم اللانىڭ كىتابىن سيقىرعا
اۋىستىرسا، اقىرەتتە جاننات نەسىبەسى-
نەن قاعىلاتىنى بەلگىلى. سوندا ولار
وزدەرىنىڭ ساتىپ العاندارىنىڭ (اللانىڭ
كىتابىن سيقىرعا ايىرباستاعاندارىنىڭ)
سۇمدىق جاماندىق ەكەنىن بىلەرمە
ەدى؟! (102).

ەگەر ولار قۇدايدان قورقىپ، يمان
كەلتىرسە (سيقىردى تاستاسا)، ارينە،
جاراتۋشىنىڭ جاقسىلىعىنا يە بولار ەدى.
تەك مۇنى دا تۇسىنسە عوي (103).

«ەي، يمان كەلتىرۋشىلەر! (پايعام-
بارعا) «راعينا» دەمەڭدەر، «ۇنزۇرنا»
دەڭدەر. ونىڭ ايتقانىنا قۇلاق سالىڭدار.
كاپىرلەر ۇشىن اۋىر ازاپ بار («راعي-
نا»، «ۇنزۇرنا» دا «نازار اۋدارۋ»
دەگەن ٴسوز. ٴبىراق ياھۋديلەر «راعي-
نانى» بالاعات رەتىندە قولدانعان) (104).

كىتاپ يەلەرىنەن شىققان كاپىرلەر
جانە بۇتقا تابىنۋشىلار ٴتاڭىرى تاراپى-
نان سەندەرگە الدە ٴبىر جاقسىلىق
كەلۋىن قالامايدى. اللا ٴوزىنىڭ راحما-
تىن قالاعان پەندەسىنە عانا ارنايدى.
ول- زور كەڭشىلىك يەسى (105).

ەگەر ٴبىر اياتتىڭ كۇشىن جويساق
نەمەسە مۇلدە ۇمىتساق، ودان دا ار-
تىق، ايتپەسە، سوعان ۇقساس باسقا
اياتتى كەلتىرەمىز. اللانىڭ قانداي نار-
سەگە بولسا دا قۇدىرەتى جەتەتىنىن
بىلمەيسىڭدەر مە؟! (106). اسپان الە-
مىنىڭ دە، جەردىڭ دە يەسى ٴبىر اللا
ەكەنىن بىلمەيسىڭدەر مە؟ سەندەر ۇشىن
ودان وزگە جاناشىر دا، جاردەمشى دە
جوق (107).

11

ЖҮРЕГІМНЕН ӨШПЕЙДІ

Жаңа жылдарыңызды құттықтаймын. «Алла жаңа жылды көксеген арман — тілекке жететін сәтті жыл еткей!» — деген шынайы тілегімді білдіремін. Сонымен қатар «Қазақстан» қоғамының сый-құрметіне шексіз алғыс айтамыз. Әмсе істеріңіз алға баса берсін!

Алматыда өткізген бір ай жүрегімізге өшпес із қалдырды, ол күндерді сағына еске аламыз. Сүйінбай ақынның тойы, ондағы айтыстар, Алматыдағы концерттер санамызға ұялады.

Қазақстанның 70 жылдық салтанатты тойына және Абай атындағы опера театрындағы ресми жиналыстарға қатысып, ардақты азамат Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевпен, профессор Сұлтан Сартайұлымен және Өзбекәлі Жәнібекұлымен танысып, қол алысқанымызды, олардың: «Қош келдіңіз, ақсақал!» деп, көрсеткен құрметін алғыспен еске аламын. Орайы келіп Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевпен дидарласып, қол алысқаным, үйіне кіріп бәйбішесінің аруағына құран оқығаным көңілімді өсіріп-ақ тастады. Ол кісі: «Құранның сіз аударған қазақшасын оқыдым. Ірі қызмет жасапсыз. Сізді ел таниды» деп, жылы лебіз білдіргеніне разы болдым. Бірсыпыра сұхбаттастық. Дарқан көңілді, көшелі кісі екен.

Тағы бір ұмытылмас жай — Өзбекәлі Жәнібекұлымен кездесуім. Жылы шыраймен ресми қабылдады. Қазақстанның тарихынан қысқаша түсінік берді. Бүгінгі қоғамдық, саяси және экономикалық жағдайды, экологиялық проблемаларды, қазақ тілі мен дін жайындағы өзгерістерді ұғындырды. Қазақстанның бүгінгісі мен болашағына байланысты бағыт-бағдар жөнінде айтты. Қазақстанның мемлекеттік егемендігі жөніндегі жиналысқа қатысуымды зор абырой санаймын.

Ал «Қазақстан» қоғамы тарапынан Достық үйінде ұйымдастырылған дөңгелек үстел әңгімесі ашық пікірлесудің негізі болды. Шәнгерей Жәнібекұлының, Сұлтан Сартайұлының, тағы басқаларының ойлары біздің көкейіміздегі арман-мүддені дөп басты.

Осындай ой тоғысқан үлкен бас қосу — Қазақ ССР Министрлер советінің шетелдерден келген қонақтарға берген қонақасысы. Министрлер советі Төрағасының орынбасары Күміжан Өмірбай қызы басқарған қонақасы қазақтың ақ дастарқанының айғағы еді. Содан дәм татқанымыз бойымызға қуат берді.

Күмісжан ханым: «Хош келдіңіздер!» деп, ақ ниетпен ақтарыла сөйледі де, алғашқы сөзді маған берді. Үлкенді сыйлайтын дәстүріміз ғой. Көрсетілген сый-құрметке алғыс айттым. Мерекемен құттықтадым. Қазақстанның болашақ тағдырын шешетін Декларацияның ойдағыдай жүзеге асуына тілектестік білдірдім. Осының бәріне жүрегім елжіреді. Көкейімді: «Алла Қазақстанның егемендік тойына келуді нәсіп еткей» деген арман, ізгі нәсіп кернеді.

Ардақты Горбачев мырза жариялаған ашықтық және қайта құру саясаты бойынша Н. Ә. Назарбаев бастаған қазақ көші болашаққа үмітпен үңіліп, жолға шықты, құтты болсын! Әрине «Көш жүре түзелер» деген ғой. Бүкіл халық береке-бірлікпен осы көшті мықтап қолдауы және оған әркімнің өз үлесін міндетті түрде қосуы шарт. Әсіресе жастарымыз мынаны ескеруі керек: Босқа даурығып, асыра сілтеушіліктен, орынсыз байбалам салудан аулақ болған жөн. Істі байсалдылықпен заңға сәйкес жүргізуді естен шығармау керек.

Осыған орай екі даңқты кісінің сөзін еске ала кетуді жөн көрдім. Мұстафа Кемал Ататүрік: «Мемлекеттің ішкі мәселелерін ұғынықтықпен, ал дүниежүзілік мәселелерді келісім жолымен шешу керек» деген, Екінші Мұхаммед Әли Жиньх деген кісі: «Бірлік және істі орынды, заңға сәйкес жүзеге асыру мықты сенім» дейді.

Сондағы азаматтардың сөзінен мен Қазақстанның болашағына сендім. Қай жерде, кіммен сөйлессек те қорғаншақтамай, ашық сөйлесуіміз жанымызды жадыратты. Қонақасының соңында Күмісжан ханым: «Қане, ақсақал, дастарханға бата жасаңыз» дегеннен кейін мен: «Дән риза болып отырмын. Рұқсат болса, құран оқиын» дедім. «Әлбетте, оқыңыз» деген соң, құран оқығанымда дастарқан басында отырған жамағат шынайы ықыласпен ұйып тыңдады. Батаға түгел қол жайып, «Әмин» деп, бет сипасты. Бұл осындай үлкен дастарханда оқылған алғашқы құран екен. Жаңа заман өзгерісінің алғашқы құбылысы болып танылса, бізді зор қуанышқа бөледі.

Қазақстанда өткізген күндерімде көңілді шалқытқан жайлар көп болды. Көрнекті қазақ ғалымы, ағартушы-демократ, тарихшы-этнограф, фольклоршы Шоқан Уалихановтың мазары мен музейін тәу еттім. Әсіресе музейдің ғимараты таңғажайып көркімен көз тартады. Сәулетін мақтан етуге тұрады екен. Ал ұлы бабамыз Абай Құнанбайұлының Жидебайдағы музей-үйі де жанымызды тебірентті. Отыратын, жұмыс істейтін, жататын бөлмелері, тұтынған бұйымдары, кітаптары — барлығы көзге өткен әмір бейнесін елестетеді. Абай атымен аудан болған, ол туған жер қазақ халқының ардақ тұтатын қасиетті мекені екеніне көзіміз жетті. Осы Абай ауданы Түркияның бір сауда фермасымен тері илеу, тері киімдерін тігу заводын орнатуға келісім жасасыпты. Мұның Абай туған өңірдің өркендей түсуіне ықпал етері сөзсіз.

Алматыда өткен уақыт бір күнгідей болған жоқ. Ресми және бейресми түрде бір талай жерлерге шақырылып, әңгімелестік. Қара шаңырақтағы күндер өте көңілді өтті. Жазушылар Одағында, «Жазушы» баспасында, Қазақ Университетінде, политехникалық институтта, музыкалық аспаптар музейінде, «Социалистік Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі», «Шалқар» газеттері мен «Жұлдыз» журналының редакцияларында ашық-жарқын әңгімелестік. Ондағы азаматтардың барлығы да болашаққа зор үмітпен үңіледі. Сол жолда істеген әрекеттері бізге ерекше әсер етті. Мешітте жұма намазын оқып, Рәтбек муфтимен пікірлесуіміз үмітімізге ұшқын тұтатты. Медреседе шәкірттердің оқуы қуанышты-ақ.

Ата мекендегі азаматтардың барлығына рахмет айтып, «Шалқар» газеті арқылы сәлем жолдаймын.

Халифа АЛТАЙ.

Стамбул қаласы, Түркия.



Алатау шатқалындағы біік мұзарттар.

Суретті түсірген Н. ЖҰБАНОВ.

دەگەندەپ، استامشىلىق جاساپ شىنعا كەلەسىڭدەر؟ ٴبىرەۋلەرىنە (يساعا) جالا جاۋىپ، ٴوتىرىككە شىعارىپ اسىڭدار، ەندى ٴبىرەۋلەرىن (زاكاريا، ياحيا ع. س.) ولتىرىپ تە تاستايسىڭدار (87).

«ٴبىز- جۇرەگىمىز قاراڭعى جاندارمىز»-دەيدى ولار. جوق، ولاي ەمەس، كەرىسىنشە، كۇپىرلىك كەلتىرگەندەرى ٴۇشىن ولاردى اللا- تاعالا ٴوزىنىڭ راقىمىنان قاققان. سونديقتان دا ولاردىڭ يمان كەلتىرگەندەرى از عانا (88).

ولاردىڭ قولىنداعى بۇرىنعى كىتاپتى (تاۋراتتى) راستايتىن كىتاپ (قۇران) كەلدى. ٴوسىدان بۇرىن ولار- سەنبەۋشىلەردى تىزە بۇكتىرىپ، ولاردىڭ ۇستىنەن جەڭىسكە جەتۋ ٴۇشىن جاردەم بەر (اقىر زامان پايعامبارىن جىبەر) دەپ جالبارىناتىن ەدى. ونداي جاردەم دە (پايعامبار دا) كەلدى. ٴبىراق ولار قاساقانا وعان دا كۇپىرلىك كەلتىردى. سەنبەۋشىلەرگە اللانىڭ قارعىسى ٴتيسىن! (89).

پەندەرلەرىنىڭ ىشىندەگى ىقىلاسى اۋعان ٴبىرىنە، ٴوزىنىڭ ۇلىلىعىمەن اللا- تاعالاعا كىتاپ (قۇران) تۇسىرگەن ەدى. ولار كورەلماستىق جاساپ، بۇعان دا كۇپىرلىك كەلتىردى. مۇنىڭ جامان بولعانى سونشا، ىزانىڭ ۇستىنە ىزا تۋدىردى. كۇپىرلىك كەلتىرۋشىلەر، ٴسوز جوق، قورلىقپەن ازاپ تارتادى(90).

ولارعا اللا: «تۇسىرىلگەن كىتاپقا (قۇرانعا) يلان، يمان كەلتىر» دەسە، «ٴبىز ٴوزىمىزگە تۇسىرىلگەن كىتاپقا (تاۋراتقا) عانا سەنەمىز»- دەيدى. سوڭعى كىتاپقا (قۇرانعا) سەنبەيدى. ال قۇران ولاردىڭ قولىنداعى بۇرىنعى كىتاپتى راستاۋشى شىندىق كىتابى ەدى. «ايتشى، ەگەر سەندەر تاۋراتقا سەنەتىن بولساڭدار، اللانىڭ بۇرىنعى جىبەرگەن پايعامبارلارىن نەگە ولتىردىڭدەر»-دە (91).

مۇسا سەندەرگە شىن كەرەمەتىمەن ساق كەلىپ ەدى عوي. سونى كورە تۇرىپ، ول (تۇر تاۋىنا) كەتكەن كەزدە سەندەر بۇزاۋعا تابىنىپ، ازعىندىق جاسادىڭدار (92).

كەزىندە تۇر تاۋىن باستارىڭا كوتەرىپ تۇرىپ: «تۇسىرىلگەن كىتاپتى (تاۋراتتى) بەكەم تۇتىڭدار» دەپ ۋادەلەرىڭدى الدىق. «سول كىتاپقا قۇلاق اسىڭدار» دەدىك. «قۇلاق سالۋىن سالدىق، ٴبىراق قارسى بولدىق»- دەدىڭدەر. ويتكەنى ويلارىڭداعى كۇپىرلىك سالدارىنان بۇزاۋدى ٴتاڭىر تۇتۇ سەندەردىڭ جۇرەكتەرىڭە ابدەن ۇيالاپ قالعان ەدى (93).

«ەگەر اللانىڭ جانناتى باسقاعا ەمەس، تەك وزدەرىڭە عانا ٴتان دەسەڭدەر، وعان كوزدەرىڭ جەتىپ تۇرسا، وندا ٴولىم تىلەپ باعىڭدارشى!»- دەپ ايت دەدى(مۇحاممەد ع. س.-عا) (94).

زالىمداردىڭ ىستەرى اللاعا ايان عوي. وزدەرىنىڭ جاساعان جاماندىقتارىن سەزەدى دە، ولار ەشقاشان دا ٴولىم تىلەمەيدى (95).

جان بىتكەندە (ٴتىپتى بۇتقا تابىناتىندارداان دا) ٴومىر سۇرۋگە ەڭ قۇشتارلاردى وسى كۇپىرلىك كەلتىرگەندەردىڭ اراسىنان تاباتىندارىڭ ايقىن ەكەنىنە سەندىرە الامىن. ولاردىڭ قايسىسى بولسا دا مىڭ جاساۋدى ارماندايدى. ٴبىراق ۇزاق ٴومىر ازاپتان ازات ەتپەيدى. ويتكەنى اللا ولاردىڭ نە ىستەيتىنىن كورىپ تۇرادى (96).

ولارعا ايت: كىمدە- كىم ٴجابىرايلعا دۇشپان بولسا (ول اللانىڭ دا دۇشپانى)، ويتكەنى ول اللانىڭ امىرىمەن بۇرىنعى كىتاپتاردى راستاۋشى، تۇرا جول

قۇران كارىم

كورسەتۋشى ٴارى مۇئمىندەرگە قۋانىش بەرۋشى قۇراندى سەنىڭ جۇرەگىڭە جەتكىزدى (97).

كىمدە -كىم اللانى، ونىڭ پەرىشتەلەرىن، پايعامبارلارىن، ٴجابىرايلدى، ميكايىلدى دۇشپان تۇتسا- (ول كاپىر)، اللا كاپىرلەردى دۇشپان تۇتادى (98).

ساعان (مۇحاممەد) ايقىن جابارلار تۇسىردىك. وعان پاسىقتاردان باسقا ەشكىم كۇمان كەلتىرمەك ەمەس. قاشان دا ٴبىر ۋادە جاساسا، ولاردىڭ ٴبىر توبى ونى بۇزىپ وتىرادى عوي. سوعان قاراعاندا ولاردىڭ كوپشىلىگى، ٴسىرا، يمان كەلتىرە قويماس (99 -100).

ولارعا اللاتاعالادان قولدارىنداعى كىتاپتى راستاۋشى ٴبىر پايعامبار (مۇحاممەد ع. س.) كەلسە، الگى كىتاپ جىبەرىلگەندەردىڭ ٴبىر توبى بەينە ەشتەڭە بىلمەگەندەي، اللانىڭ بۇرىنعى كىتابىن (تاۋراتتى) كەرى ٴسىرا سالدى (101).

ولار سۇلەيمەننىڭ مۇلكى (كىتابى) دەپ، سايتاننىڭ ازعىرىندىسىنا ەرەدى.

(ەسكەرتپە: سۇلەيمەننىڭ مۇلكى دەپ، ونىڭ «علىم كەندەرىنىڭ قورى» اتتى كىتابى ايتىلىپ وتىر. سۇلەيمەن ع.س.-نىڭ قۇدىرەتى- قولىنداعى جۇزىگىندە بولعان. ونى تەك نامازعا دارەت العاندا عانا شەشىپ، ەڭ سەنىمدى ادامعا ۇستاتىپ قوياتىن ەدى. وسىنى اڭدىپ جۇرىپ، ٴبىردە سايتان سۇلەيمەن بەينەسىندە كوز الداپ كەلىپ، جۇزىكتى دە، الگى تاعىلىم كىتابىن دا ۇرلاپ العان. سودان سوڭ كىتاپ جولدارىنىڭ اراسىنا ٴازازىلدىڭ ازعىرىندى سوزدەرىن جازىپ (سۇلەيمەننىڭ حاتشىسى بارحياۋلناسىردىڭ قولتاڭباسىنا ۇقساتىپ)، كىتاپتى سۇلەيمەن وتىراتىن تاقتىڭ استىنا كومىپ تاستاعان. سۇلەيمەن ولگەن سوڭ ٴازازىلدەر عۇلامالاردى جيناپ الىپ، الگى كىتاپتى وقىتسا، ول ٴبىر وتكەي سيقىرلى سوزدەر بولىپ شىققان. سودان باستاپ ولار سۇلەيمەندى پايعامبار ەمەس، سيقىرشى دەپ جاريالاپ جىبەرگەن. سۇلەيمەننىڭ جەلمەن ۇشىپ كەتە بەرەتىن، قۇسپەن سويلەسەتىن كەرەمەتتەرى بولعانى راس ەدى. ٴبىراق دىنگە قيانات جاساماعان، ناعىز پايعامبار بولاتىن). ٴبىراق مۇئمىن سۇلەيمەن كاپىر بولعان جوق، كەرىسىنشە، ادامدارعا سيقىر ۇيرەتەتىنى ٴۇشىن سايتاندار كاپىر بولدى. مۇنى ولار بابىلداعى ھارۋت، مارۋت دەگەن ەكى پەرىشتەگە كەلگەن سيقىر دەپ ۋاعىزدادى. **(ەسكەرتپە: ادام ع. س.-دى ون سەگىزمىڭ عالامنىڭ ٴامىرشىسى ەتىپ، جەرگە تۇسىرگەندە پەرىشتەلەر اللاعا: «كۇنادان پاك ٴبىز تۇرعاندا ادامدى بىزدەن ارتىق تۇتقانىڭ قالاي؟»- دەپ سۇرايدى. «ادام- سەندەردەن ارتىق،- دەيدى اللا،- ويتكەنى سەندەر ٴىشىپ-جەمەيسىڭدەر، ٴوسىپ- ونبەيسىڭدەر، كيىم كيمەيسىڭدەر، سەندەردى كۇناعا باتىراتىن ەشتەڭە جوق. ال ادامەن بىرگە مەن پەندەلەردى ازدىراتىن: بۇتقا تابىنۋ، ادام ٴولتىرۋ، ماسىل بولۋ (ادام تاماق)، زيناقورلىق ەتۋ، ۇرلىق جاساۋ، اراق ٴىشۋ سياقتى ون ٴتۇرلى ٴناپسى (قۇمارلىق) ٴتۇسىردىم. مىنە، وسىلاردىڭ بىرىنە دە بوي ۇرماعان ادام مەنىڭ ادال قۇلىم،پاك پەندەم بولادى»-دەگەن. «وندا ٴبىزدى دە جەرگە جۇمساپ، الەمدى بيلەتىپ، سىناپ كور،- دەيدى پەرىشتەلەر. -ناپسىگە بەرىلمەي، ٴبىز دە ٴامىر جۇرگىزىپ كورەيىك». سويتەدى دە، وعان ٴۇش پەرىشتە سىنعا**

Үмітімді үзбейін, ағайын

Мен бұрынғы «Біздің Отан», қазіргі «Шалқар» газетін 1988 жылдан бері жаздырып алып, үзбей оқып тұрамын. Төте жазуды газеттің көмегімен өзімше оқып-үйрендім. Содан бастап мен үшін бұрын белгісіз болып келген жаңа әлем ашылды. Басылым бетінде жарияланған материалдар арқылы шет елдерде де қаншама қазақ бар екенін біліп, қандас бауырларымның тұрмыс-тіршілігімен таныстым. Тағдыр талайларына қанып, қасиетті қазақ топырағынан алыста жүріп, біренше ұрпақ алмастырса да, елдігімізді танытатын тілімізді, ділімізді, дінімізді жоғалтпай, сақтай білгендеріне тәнті болдым. Туған жерге деген ыстық сағыныштарының лебіндей ескен хаттарын оқып, көңілімде ерекше күй тербелді. Жабырқау жаным жылылық бір қалді бастан кешті. Ондайда, шіркін-ай, шет елдердегі қаны бір туыстарымыз аңсаған армандарына жетіп, ата-бабамыздың кіндік қаны тамған киелі қазақ жеріне қайтып оралып, ақ түйенің қарны жарылар күн туар ма екен деп жаным қан жылайтыны да бар.

Айта берсем арман көп. Оның бәрін жазып тауыса алмаспын. Бұл жолы қолыма қалам алып, хат жазуға отырғандағы мақсатым мұнан мүлде бөлек. Мен жеке басымның қалін айтып, алыстағы ағайындардан қол ұшын, қайыр күтемін.

Жасым отыз жетіге жаңа толды. Осы жас өмірімнің жартысынан көбі ауыруыммен алысумен өтті. Дертіме дәрігерлердің қойған диагнозы; «миопетия» яғни бұлшық еттердің үздіксіз семіуі, әлсіреуі. Бала жастан басталған ауру осыдан 7-8 жыл бұрын мүлде мешел етіп, мені төсекке алып ұрды. 1971 жылдан бастап, міне, 19 жыл бойы емделіп келе жатырмын. Алғашқы екі жылы Алматыда, содан кейінгі жылдары Шымкентте емделдім. Бірақ еш пайдасы болмады, ем қонбады. Себебі еліміздің медицинасы бұл аурудың алдында шарасыз болып шықты. Дәрігерлер о баста-ақ, «аурудың асқынуын тоқтатқанмен, емдеп жаза алмаймыз» деп ескерткен болатын. Ал дәлірегінде олар аурудың асқынуына да тосқауыл бола алмады. Менің халім жылдан-жылға қиындай түсті. Бар қолымнан келген амалым араша сұрап СССР Денсаулық сақтау министрлігіне, түрлі қайырымдылық қоғамдарға, орталық теледидар мен газет-журналдарға хат жазу ғана болды. Бірақ «жаны ауырмастың қасында басың ауырмасын» дегендей, олардан ешқандай қамқорлық көре алмадым. Содан ең соңғы үмітімді айтып, өзім сүйіп оқитын «Шалқар» газетіне хат жазуды ұйғарып отырмын. Оның мәнісі де жоқ емес. «Шалқар» басылымы шет елдердегі қандас бауырларымның қолдарына тиеді. Олай болса, менің хатымды оқығаннан кейін көмек қолдарын созар деген ойдамын. Олай етсе, қаны бір туыстарымның мені ажал апанының аузынан арашалап алуларына толық мүмкіншіліктері бар. Оның сыры дәрігерлердің айтуынша, мені дертімнен айықтырар жалғыз ғана жол —денемдегі ауру генді сау генмен алмастыру. Ал мұндай күрделі операцияны біздің елде жасай алмағанмен АҚШ-та және Лондондағы «Әулие Мария» ауруханасының генетик ғалымдары жасай алады екен. Демек мен үшін соңғы үміт сонда барып емделу ғана қалып отыр. Осыған шет елдердегі қандас бауырларым көңіл бөліп, жәрдем етуге ниет білдірсе, онда өшкенім жанып, өлгенім тірілгендей қал кешер едім. Ал ауруымнан айығып кетер күн туса, қалған өмірімді халқымның алдындағы қарызымды өтеуге арнайтыныма ант етемін.

Мен секілді бақытсыз туған жандардың көп екенін білемін. Бірақ біздің әрқайсымыздың жеке тағдырымыз бар. Бұл дүниеде бір де бір адам, тіпті ең жақын жанашырым да менің азабымды бөлісе алмайды. Енді ешқашан жер басып жүре алмайтынымды, өмірдің қызығын көрмейтіндігімді ойлап ең сені басқан шарасыздықтан, дәрменсіздіктен арылта алатын жалғыз жол — ол шет елде емделуіме жағдай жасау. Жүйкем әбден тозып, шыдамым шегіне де жақындап келеді. Жіңішкерген жіптей соңғы үмітімді үзе көрмеңіздер? Таусылмайтын мына азаптан құтқаруға қол созыңыздар, ағайын!

Сәлеммен Сырлыбай Шардарбекұлы ИГІБАЕВ.

«Майбұлақ» совхозы,
Алғабас ауданы,
Шымкент облысы.



Жамылған ақ шаңқан қар Алатауым.
Алады көк шыршасы көздің жауын.
Тұп-тұнық ауасы жанға тыныс,
Күзетіп тұрғандай ол деннің сауын.



СУРЕТТІ ТҮСІРГЕН М. МӘМБЕ ТОВ

АРАЛ БАЛАЛАРЫНА АРНАЛДЫ

Қазақстандағы экологиялық және Арал, Балқаш мәселелері жөніндегі қоғамдық комитет республикадағы бірінші бейресми қозғалыс болып табылады. Ол шын мәнінде кең көлемді бастаушысына айналды.

Әлем жұртшылығы Арал қасіретін комитеттің күш-жігері арқасында білді. Комитет республикадағы экологиялық түсінікті қайта өрлетудің басында тұр.

Таяуда қоғамдық комитеттің президиумында ССРО халық депутаты Мұхтар Шахановтың төрағалық етуімен «Интернэйшнл кооператив сервис» халықаралық қорының басшысы Брайан Гриммен кездесу болды. Ол «Интернэйшнл кооператив сервис» қоры қайырымдылық көмегі ретінде Арал өңірі, Семей және Шығыс Қазақстан балаларына бірінші кезекте қажет құны 10 миллион доллар болатын азық-түлік түрлерін бөлгенін хабарлады.

Американдық достар азық-түліктің алғашқы тобын 20 тонна дәрі-дәрмекпен бірге Арал балаларына жіберуді ұйғарды.

Комитет төрағасы Мұхтар Шаханов қор жетекшісіне және ізгі ниетті америкаң халқына қиын уақытта көмекке келгені үшін алғыс айтты. Кездесу соңында ол мистер Брайан Джон Гримге қоғамдық комитеттің құрметті мүшесі куәлігін тапсырды.

«Интернэйшнл кооператив сервис» қорының басшысы Брайан Джон Грим Мұхтар Шахановқа Арал аймағындағы балаларға арналған ізгілікті көмектің алғашқы тобын алуға арналған сенім грамотасын тапсырып тұр.

«...Ертеде елде жүргенде, жиын-тойда айтылатын «Аушадияр» дейтін жыр болушы еді. Сол жырды жарияласаңыздар екен.

Зия және Айша
Австралия».

Көмбеден шыққан қазына

Осы бір асыл мұраны бұдан үш жыл бұрын еске салған сонау Австралия құрлығында өмір сүріп жатқан отандасымыз ерлі-зайыпты Мақсиндер еді. Республика архивтерінен іздеп, кәрі құлақтардан сұрастырып, таба алмағанбыз. Ақыры, Шинжаңда шығатын «Алтай аясы» журналынан қысқа бір нұсқа тауып, бұрынғы «Біздің Отан» газетіне жариялаудың сәті түскен. Одан соңғы тағы бір нұсқаны «Қазақ әдебиеті» газетіне (6 қазан, 1989 жыл) жариялап, жырдың тегі, тарихы, сипаты туралы білетіндерін хабарлау жөнінде оқырманға қолқа салдық. Қалың қазақтан содан бері де үн қатқан ешкім болған жоқ.

Бірде Шинжаңда басылған «Қазақ қиссаларының» он бір томдығының төртінші томындағы «Ақылды Ақын» («Бақтиярдың қырық бұтағының» бірі) деген қиссадан «Аушадияр» туралы шумақ көзге түсті. Қиссаның баяндауына қарағанда Алты Арыстың алғашқы билеушісі Азатбақыттан Бақтияр хан туыпты да, одан Алтай, Аушадияр деген екі бала болыпты. Екеуі де ер, өсті, ел тұлғасы болған. Алтай—ерлігімен суреттеледі де, Аушадияр әділдігімен сипатталады.

...Хан болған алты Арыста Азатбақыт,
Талай жыл сонан бері өтті уақыт.
Азат хан Азияда үкім сүріп,
Билеген неше ықылым құрып тахт.

Азаттың өз кіндігінен — хан Бақтияр,
Патшаның мұрагері — сірге жияр.
Болыпты Бақтиярдан екі бала —
Атақты Алтай батыр, Аушадияр.
Бермеген елін Алтай сыртқы жауға,
Бақтияр шүкірлік деп, етті тәуба,
Қол бастап, ел қорғаған ерлігі үшін
«Алтай» деп ат қойыпты осы тауға...

Алтай туралы әңгіме осылай сабақталып келіп, Аушадиярдың таққа отырғанынан бастап таратқан тағылымдары айтылады. Әділдігі, қарапайымдылығы, даналығы дәріптеледі. Заманында Аушадиярсыз әңгіме ашылмайды екен.

...Бай, жарлы мүсәпірді бірдей көріп,
Халқына қадірлі екен көсемдері.
Жүз ауыз Шадиярға өлең айтқан
Атақты ақыны екен Есенгелді...

Демек, Шадиярсыз шаттық ашылмаған, Шадиярсыз шер тарқалмаған, Шадиярсыз шапағат шашылмаған, Шадиярсыз шаруа тынбаған. Ондай көсемін қадір тұту — халық парызы.

Иманмен басталатын игіліктерімізді, Алла атымен аралас айтылатын асылдарымызды, құдай аталып қалатын құнды мұраларымызды, қиссаларымызды құртып жібергені сияқты, тегі, Аушадиярды да біздің көңілімізден көтеріп, есімізден ескіртіп жіберген де хан атауына қабақ түйген, зор есімдерді зобалаңға санаған замана шығар. Сондай көсемге қазір қандай зәруміз.

Оқасы жоқ. Уақыт бізге Аушадиярдай ақыл иелерін де берер. Енді ел құлағында қалған сол жырдың жұрнақтарын оқырманға ұсынайық.

Бұларды редакцияға жолдағандар да біздің шет елдерде жүрген жұрағаттарымыз. Қолға түскен нұсқаларға қарағанда «Аушадияр» шолан-шошырақ бірдеңе емес, мол дүние болса керек. Ол туралы білетін пенде болса, қолдарындағы жыртындыларды жоғалтпей, жинай берсе екен, редакцияға жолдай берсе екен деп өтінеміз!

У. ҚЫДЫРХАНОВ.

МЕН БІЛЕТІН ДЕРЕК

Ұмыт бола бастаған бағызаман жыры туралы ой ортақтастық етуіме Уахап Қыдырхановтың «Қазақ әдебиеті» газетінде (1989 жылдың қаңтары) жарияланған өте мәнді мақаласы түрткі болды. Олай дейтінім: қоламтасы қалыңдап, өшейін деген шағында көмбені көз қы[illegible]рта үрлегендей халық қазыналасы «Аушадиярдың» шоғын құшқындатқандығы.

Аруағыңа бас, ата-бабаларымыз қандай бір қиын-қысталаң кезде халықтық қалпын, ана тілін, тарихын, дәстүр-салтын, айшықты өнерін көзінің қарашығындай қорғап, ұрпақтарына өмірлік жан азық етіп, мирас ретінде сыйлап, ұсынып келген ғой. Біздің бала кезіміздегі сахараның тыныс-тіршілігі дәл осының куәсіндей көз алдымда көлбеңдейді де тұрады. Ол кездегі адамдардың бәрі ақын, әнші, күйші, ерен сауықшыл, өте мейірімді, бауырмал, кішіпейіл, инабатты сияқтанып көрінетін. Той-томалақ, шілдехана қойып, бір үйге қонақ келсе, қошеметтеп төр ұсынып, ауыл болып сол үйге жиналатын. Қисса, ертегі айтысып, ән шырқап, күй шертісіп, мәре-сәре бір жасап қалысатын. Думанды осындай отырыстарда кәрі-жасы демей екі-екіден тізе түйістіре қалып, шетінен өлең төгіп, айтыса кететін. Бұл оларды сыпыра ақын дегендік емес. Алайда осы әдеттердің қайтсе де атқарылуға тиісті қасиетті міндет ретінде қабылданатыны, парыздай орындалатындығы, жақсы салттың киесі бауыраған адамдардың ақын жанды болып өмір сүргені тәнті етеді.

Міне, осындай дәуренде — балалық шақта ара кідік болса да «Ашудияр» жырын естіп, елтіп тыңдағаным бар. Заман үйретіндісі шығар, ол кезде бір рет тыңдаған қиссаны ертеңіне басқа ауылда орындап отыратын қыз бен жігіт аз болмаған. Осы заманның дыбыс жазатын таспасы дерсіз баяғы.

«Аушадияр» жыры қашан, қалай туған? Нақты дерегі беймәлім. Санмен басталатынына келсек, мұны ұтымды тәсіл ретінде қолданған. Бұл қараөлеңде де кездеседі. Мәселен, «Өлеңім ал дегенде біреу болар, жел соқса бақан үйге тіреу болар», «Айтайын онда мен де біреуімді, берді ғой құдай бүгін тілеуімді», «Бисмилла бисмилладан бір бисмилла», «Бисмилла бисмиладан үшке дейін» деген сияқты санмен айтысып, жалғастыра беретін.

«Аушадияр» жырының мазмұн жағынан өмір құбылыстарын кестелеп, ойлы жүйеге құрылып, термеге ұласатын жағы басым. Жырдың басталуына, сөз өлпетіне жүгінгенде алғаш хан-патшаға арналғаны даусыз.

«Аушадиярды» Қазихан Сейітбатталұлы оңаша, көңілді отырған кезінде анда-санда айтып беретін. Әдебиетке құмартып, талаптануыма ерекше ықпал еткен адам осы кісі. Ол соңына түспегені болмаса ақын-жыршы, асқан өнерпаз болды. «Ер Ағыбай», «Сәтбек батыр» қиссаларын жатқа жырлап, өзі де астындағы атымен айтысқан қызықты, құнды поэмасын тудырған. Керей, найманда өткен атақты оншақты бақсының жын шақыру әуен-зарын, тартқан күйлерін, кескін-келбеттеріне дейін дәл солардың өзі болып орындап, дүйім елді тамсандыра таңырқататын. Сиқыршы Ташмұқаметтен бастап, өнер адамдарының, басқсылардың қасынан қалмай еріп жүріп үйренгенін қызықты әңгіме ететін. 1945 жылдың мамыр айында Зайсан ауданынан қайта көшкелі отырған біздің ауылға (сол жылы Қытайдың Зайсанмен шекаралас Жеменей, Қаба аудандарының халқы Гоминданнан ығысып, Зайсанда бір қыстап қайтқан) әнші-күйшілерді құрамына алған үйірмені бастап Нышанбай Қарақұлов келді. (Сол кезде министр болатын). Қазиханның ғажап өнеріне сүйсінген ол кісі Алматыға алып кетпек болып қолқа салды. Өкініштісі, сонда түрлі себептер айтып, келісім бере алмаған.

Екінші естіген адамым отызыншы жылдардың аяқ кезінде жетпістен асқан Өтеген ақсақал. Жаз жайлауда аралас отыратынбыз. Екі аяғы топкемтар кісі жер төсегінде отырып алып, әр сөзін ұйқастыра тізбектеп, өлең-жырды тау бұлағындай құйылтатын. Балаларды тым жақсы көретіндігінен біздің жайдақ мінген тайларымыз белдеуінде жиі тұратын.

Осы екі кісінің де «Аушадиярды» толығымен жырлағанын ести алмадым. Алайда «Аушадиярды» айтқанда бір сәнді шумақ етіп, тоқ еткізе салмай, ұзыннан ұзақ көсілтіп, түрлендіріп жырлайтын. Амал қанша, там-тұмдап есімде қалғаны төмендегі шағын шумақтар. Енді сол жырға көшкенде мынадай:

Аушадияр хан екен,
Халқына сыйлы жан екен.
Ау бисмилла бір десем,
Жаратқан жалғыз хақ екен.
Қисапсыз тірлік болмаған,
Бұл да бір үлкен мән екен.
Ғалам саны жаһанда,
Он сегіз мыңға дәл екен.
Екі десең мысалға —
Егіз туған бала екен.
Құдай қосып қосылған
Ерлі-зайып жан екен.
Адамдарды түсінткен
Қуаныш атты бал екен.
Адамдарды улантқан —
Уыңыз—қайғы-зар екен.
Аушадияр түк емес
Жүзге шекім сан екен.
Қаласаңыз хан ием,
Құлағыңды, сала гөр.
Саусақ бүгіп, ой салып,
Керегіңді ала бер.
Жеткізіп жүзге жырласам,
Бір жасап мына қалады ел.

* * *

Аушадияр бір екен,
Таусылмайтын жыр екен.
Хан отырған ордасы
Жасауы жайнап тұр екен.
Дүние тұрмас қалпында,
Алдамшы жалған сұм екен.
Байлық деген әншейін
Қолға жұққан кір екен.

* * *

Аушадияр бір болар,
Айтсаң асыл сыр болар.
Үй иесі — қыз болар,
Төр иесі — ұл болар.
Желекті жас келіндер —
Ауылға жаңа түр болар.

Қас жақсы көңілі нұр болар,
Қас жаман көңілі кір болар.
Ата-анасын сыйламас,
Батадан мақұрым құр болар.

* * *

Аушадияр бір дейді,
Бұрыннан қалған жыр дейді.
Арық мал ауқат болмаған,
Семізін сатсаң пұл дейді.
Мамыр туса мал өсіп,
Жердің беті гүлдейді.
Жеті қара көр көңіл,
Жақсылықты білмейді.
Барды жоқ деп жалтарса,
Көңіл содан кірлейді.
Оңбайтын туыс белгісі,
Бірін-бірі күндейді.
Көргенсіз келін белгісі
Енесін «Қақпас», «күң» дейді.
Ибалы қыздың белгісі
Беталды сөйлеп күлмейді.
Көргенсіз жастың белгісі.
Үлкенді көзге ілмейді.
Адасатын ақымақ
Ақылға айтқан кірмейді.
Адам болар қыз-жігіт
Қисық жолға жүрмейді.

* * *

Аушадияр үш екен,
Атан көшке — күш екен.
Екі жақын таныcса,
Ақыреттік дос екен,
Екі жаман таныcса,
Бір күннен соң өш екен.
Зымырап өткен дәуренің
Бір күнгі көрген түс екен.
Мезгілің өтпей тұрмайды,
Күз артынан қыс екен.

Сейітхан АҚБАЕВ,
Моңғол Халық Республикасы.



Түркиялық мейман — Бибәтіш Алтай.

ئۇيغۇر كىتاب تور بېكىتى
ئۇيغۇرچە كىتابلارنىڭ يېڭى ئادرېسى
www.uyghurkitap.com

* قالىڭ ەلىم، قازاعىم، قايران جۇرتىم! *

اباي- قازاقتىڭ ار-وجدانى، ساناسىنىڭ قايناري، جۇرەگىنىڭ جالىنى، اقىل-ويىنىڭ ارناسى. كۇن ساين وقساڭ كوكەيىڭدە جاڭا-جاڭا سەزىم تۋىندايدى. نىشتەڭە تەبىرەنە تولعانىپ، بۋىرقانا شيىرشىق اتاسىڭ. بۇكىل الەم كوكەيىڭدە شايقالىپ تۇرادى. سول تۇڭعيىققا سۇڭگىگەن جانە اباي تانۋ عىلىمىنىڭ نەگىزىن سالعان ۇلى جازۋشى- عالىم مۇحتار اۋەزوۆ: «اباي ٴوزىنىڭ كىرشىكسىز اق جۇرەگىن تەبىرەنتكەن سانسىز ويلارىن تاماشا شىعارمالارى مەن جالىندى جىرلارىنىڭ بەتىنە مارجانداي توگىلدىردى، ونىڭ ءار بىر بەتىنەن، ءار بىر جولىنان، ءار بىر سوزىنەن بىزگە سونشاما ىستىق، سونشاما جاقىن لەپ ەستىلەدى. ول لەپ وتكەن زاماننىڭ، كەشەگى تاركى دۇنيەنىڭ سوققان تىنىسى بولسا دا بىزگە تۇسىنىكتى، جۇرەگىمىزگە قونىمدى. اباي لەبى، اباي ءۇنى، اباي تىنىسى- زامان تىنىسى، حالىق ءۇنى، بۇگىن ول ءبىزدىڭ دە ۇنىمىزگە قوسىلىپ، جاڭعىرىپ، جاڭا ٴورىس الىپ تۇر» دەپ، كۇللى اقيقاتتى ايتىپ ەدى.

قازىر زامان جاڭعىرىپ، ومىرگە تىڭ وزگەرىستەر ەنىپ جاتىر. وي ورالىمىمىزدىڭ شاتىسىپ قالعان تۇيىندەرى شەشىلە باستادى. قازاق ومىرىنىڭ قاراڭعى تۇكپىرلەرىنە جارىقتىڭ ساۋلەسى ٴتۇسىپ، شاڭ-توزاڭىنىڭ استىندا قالعان تالاي اسىل قازىنامىزدى ارشىپ الۋىمىزعا مۇمكىندىك تۋدى. قازاق بالاسىنىڭ ٴوزى سونى يگەرۋگە قايرات جۇمساۋ ٴۇشىن قۇلشىندى. كەرەناۋلىق كەسىرى كەرى كەتەردى. اسىعىستىق ورعا جىعادى. الدى-ارتىمىزدى انىق بارلاپ، دۇرىس باعدارلاپ قادام تاستاۋعا ٴتيىسپىز. وسى كەزەڭدە دە ءبىزدىڭ جۇگىنەتىنىمىز اباي اقىلى.

دۇنيە اعىمىنا ابايشا كوز جىبەرىپ، السىز تۇكپىرىنە ابايشا وي جۇگىرتۋ- قازاقتىڭ بۇكىل ۇلكەن- كىشىسىنىڭ جان- زەينىمەن ۇيرەنەتىن ونەگەسى. ۇلتتىق سەزىمنىڭ ٴنارى، حالىق قامىن ويلاۋدىڭ تۇعىرى، ادامدىقتىڭ اسقارى- اباي ويلارى. ەندەشە، قادىرلى قاۋىم، ابايدى ۇزبەي وقۋ پارىز. سول ارقىلى نەمىز كەم، قانداي ولقىلىق پەن وراشولاقتىق، اڭعالدىق پەن ارامدىق بار ارا-



مىزدا، ونىڭ تامىرى قايدا؟ سونى انىقتاپ، اقىلعا سالىپ، ويلانۋ ٴۇشىن جانە ۇلتتىق قاسيەتىمىزدى ابايشا سەزىنۋ ٴۇشىن ونىڭ شىعارمالارىن تاعى دا وقيىق.

قالىڭ ەلىم، قازاعىم، قايران جۇرتىم،
ۇستاراسىز اۋزىڭا ٴتۇستى مۇرتىڭ.
جاقسى مەنەن جاماندى ايىرمادىڭ،
ٴبىرى قان، ٴبىرى ماي بوپ ەندى ەكى
ۇرتىڭ.
بەت بەرگەندە شىرايلىڭ سونداي جاقسى،
قايدان عانا بۇزىلدى سارتشا سىرتىڭ.
ۇقپايسىڭ ٴوز سوزىڭنەن باسقا ٴسوزدى،
اۋزىڭمەن وراق ورعان وڭكەي قىرتىڭ.
ۇيىڭدىكى دەي الماي ٴوز مالىڭدى،
كۇندىز كۇلكىڭ بۇزىلدى، تۇندە ۇيقىڭ.
كورسە قىزار، كەلەدى بايلاۋى جوق،
ٴبىر كۇن تىرلىك ەتەدى، ٴبىر كۇن- بۇرتىڭ.
باس-باسىنا ٴبي بولعان وڭكەي قيقىم،
مىنەكي، بۇزعان جوق پا ەلدىڭ سيقىن؟
ۇزدەرىڭدى تۇزەلەر دەي المايمىن،
ٴوز قولىڭنان كەتكەن سوڭ ەندى ٴوز ىرقىڭ.
اعايىن جوق نارسەدەن ەتەر بۇرتىڭ،
ونىڭ دا العان جوق پا قۇداي قۇلقىن؟
بىرلىك جوق، بەرەكە جوق، شىن پەيىل جوق،
ساپىرىلدى بايلىعىڭ، باققان جىلقىڭ.
-باستا مي، قولدا مالعا تالاس قىلعان،
كوش سىناسقان كوندەستىك بۇزدى-اۋ
شىرقىڭ.
وڭالماي بويدا جۇرسە وسى قىرتىڭ،
ءار جەردە-اق جازىلماي ما، جانىم، تىرقىڭ؟
قاي جەرىڭنەن كوڭىلگە قۋات قىلدىق،
قىر ارتىلماس بولعان سوڭ، مىنسە قىرقىڭ؟
تياناقسىز، بايلاۋسىز بايعۇس قىلىپىڭ،
نە تۇسەر قۇر كۇلكىدەن جىرتىڭ-جىرتىڭ،
ۇعىندىرار كىسىگە كەز كەلگەندە،
پىش-پىش دەمەي قالاما ول دا استىرتىن؟

* * *

بايلار ٴجۇر جيعان مالىن قورعالاتىپ،
ٴوز ٴجۇزىن، ونىن بەرىپ الار ساتىپ.
ونىن الىپ، توقسانىنان دامە قىلىپ،
بۇل جۇرتتى قويعان جوق پا قۇداي اتىپ؟
بارىپ كەلسە ەرتىستىڭ سۋىن تاتىپ،
بەرىپ كەلسە ٴبىر ارىز بۇتىپ-شاتىپ،
ەلدى الىپ، ەدىلدى الىپ ەسىرەدى،
ٴىسىپ-كەۋىپ، قابارىپ كەلەجاتىپ.
ءارى- بەرى اينالسا اتى ارىقتاپ،
شىعىنعا بەلشەسىنەن ابدەن باتىپ.
سۇم- سۇرقيا، قۇۋ، بىلگىش اتانباققا
قۇداي قۇمار قىلىپتى قالجىراتىپ.
قورعالاسا، قورىقتى دەپ قويماعان سوڭ،
شاپتىرادى قالاعا باي دا الداتىپ.
كۇشتى جىقپاق، باي جەگبەك اۋەل باستان،
قولعا تۇسەر سىلەسى ابدەن قاتىپ.
جانى اياۋلى جاقسىعا قوسامىن دەپ،
ءاركىم ٴبىر ٴيت ساقتاپ ٴجۇر ىرىلداتىپ.

* * *

تالاي ٴسوز بۇدان بۇرىن كوپ ايتقامىن،
ٴتۇبىن ويلاپ، ۋايىم جەپ ايتقامىن.
اقىلدىلار ارلانىپ ۇيالعان سوڭ،
ويلانىپ تۇزەلەمە دەپ ايتقامىن.
قازاقتىڭ وزگە جۇرتتان ٴسوزى ۇزىن،
بىرىنەن ٴبىرى شاپشاڭ ۇقپاس ٴسوزىن.
كوزدىڭ جاسى، جۇرەكتىڭ قالىمەنەن
ەرىتۋگە بولمايدى نىشتە مۇزىن.
جۇرتىم-اي، شالقاقتاماي سوزگە ٴتۇسىن،
ويلانشى، سىرتىن قويىپ، ٴسوزدىڭ ٴىشىن.
ىرجاڭداماي تىڭداساڭ نەڭ كەتەدى،
شىعارعان ٴسوز ەمەس قوي اڭگىمە ٴۇشىن.
اداسىپ الاڭداما جول تابا الماي،
بەرىرەك تۇزۋ جولعا شىق قامالماي.
نە عىلىم جوق، نەمەسە ەڭبەك تە جوق،
ەك بولماسا كەتتىڭ عوي مال باعا الماي.

* * *

كوڭىلىم قايتتى دوستان دا، دۇشپاننان دا،
الداماعان كىم قالدى ٴتىرى جاندا؟!
الىس- جاقىن قازاقتىڭ ٴبارىن كوردىم،
جالعىز- جارىم بولماسا اندا-ساندا.
پايدا ٴۇشىن بىرەۋ جولداس بۇگىن تاڭدا،
ول تۇرماس باستان جىعا قيسايعاندا.
مۇنان مەنىڭ قاي جەرىم اياۋلى دەپ،
بىرگە تۇرىپ قالادى كىم مايداندا؟!
ەلدىگى جۇرتتىڭ ٴسوزى- ۇرلىق-قارلىق،
سانالى جان كورمەدىم، ٴسوزدى ۇعارلىق.
وسى كۇندە، وسى ەلدە دانەمە جوق،
مەيىر قانىپ، ٴماز بولىپ قۋانارلىق.
بايلار دا مال قىزىعىن بىلە الماي ٴجۇر،
جاز جىبەرىپ، كۇز اتىن مىنە الماي ٴجۇر.
سابىلتىپ، كۇندە ۇرلاتىپ، ٴىز جوعالتىپ،
ىزامەنەن ىرجيىپ كۇلە الماي ٴجۇر.
ساۋداگەر تىنىشتىق ساۋدا قىلا الماي ٴجۇر،
قولدان بەرىپ، قور بولىپ، الا الماي ٴجۇر.
ەل اۋلاقتا كۇش ايتقان، تۇپتە تانعان،
ارسىز جۇرتتان كوڭىلى تىنا الماي ٴجۇر.
ەستىلەر دە سىنىنە قۋانباي ٴجۇر،
«ەل ازدى» دەپ ناداندار مۇڭايماي ٴجۇر.
الا جىلان، اش باقا كوبەيلەكتەر
كىسى ەكەن دەپ ۇلكەنىن ۇيالماي ٴجۇر.
بەكىنتكە بىرەۋ بەكىپ تۇرا الماي ٴجۇر،
وداعى ۇرى-قاردى قىرا الماي ٴجۇر.
قارسىلىق كۇندە قىلعان تەگى- تەنتەك،
جازا تارتىپ ەش ٴبىرى سۇرالماي ٴجۇر.
قارىنداس قارا جەرگە تىعا الماي ٴجۇر،
ٴبىرىنىڭ ٴبىرى ٴسوزىن قۇپ الماي ٴجۇر.
قۇدا- تامىر، دوس-جارىڭ، قاتىن-بالالار دا ٴبىر قالىپتى بولا الماي ٴجۇر.
ٴبىر كۇشتى كوپ تەنتەكتى جىعا الماي
ٴجۇر،
نىشتە جالىن دەرت بولىپ، شىعا الماي ٴجۇر.
اراق ىشكەن، ماس بولعان جۇرتتىڭ ٴبارى،
نە پايدا، نە زالالدى بىلە الماي ٴجۇر.
جەتىلىپ جاز جايلاۋعا قونا الماي ٴجۇر،
كۇز كۇزەۋ دە جانجالسىز بولا الماي ٴجۇر.
قىس قىستاۋىڭ قىپ-قىزىل ول ٴبىر پالە،
ورالىپ ەشبىر شارۋا وڭالماي ٴجۇر.
جاسى كىشى ۇلكەنىن ۇيالماي ٴجۇر،
سۇرامساقتار ٴناپسىسىن تيا الماي ٴجۇر.
سالەم بورىش، ٴسوز قۋلىق بولعانىنان سوڭ،
قانداي جان سىرتتان ٴسوز بوپ، سىنالماي
ٴجۇر؟

توتى قۇس ٴتۇستى كوبەلەك
جاز سايلاردا گۇلەمەك.
بايشەشەك سولماق، كۇيرەمەك،
كوبەلەك ولمەك، سيرەمەك.
ادامزاتقا نە كەرەك:
سۇيمەك، سەزبەك، كەيىمەك،
حارەكەت قىلماق، جۇگىرمەك،
اقىلمەن ويلاپ سويلەمەك.
ٴاركىمدى زامان سۇيرەمەك،
زامانىڭ قاي جان بيلەمەك؟
زامانعا جامان كۇيلەمەك،
زامان سونى يلەمەك.

* * *

سابىرسىز، ارسىز، ەرىنشەك،
كورسە قىزار، جالماۋىز،
سورلى قازاق سول ٴۇشىن،
التى باقان الا اۋىز.
ٴوزىن- ٴوزى كۇندەيدى،
جاقسىنى جالعان مىندەيدى.
ول- ارسىزدىق بەلگىسى.
ۇياتسىنباي، ويلانباي،
قوي دەگەنگە ٴتىل الماي،
ٴىس قىلماي ما ول كىسى؟
ٴبىر-اق سەكىرىپ شىعام دەپ،
ٴبىر-اق قارعىپ تۇسەم دەپ،
مەرتىگەدى، جاتادى.
ۇرلىقپەن مال تابام دەپ،
ەگەسىپ اۋەل شابام دەپ،
ٴسۇيتىپ قۇداي اتادى.
بۇل نەڭ دەسە، بىرەۋگە
جوق نارسەنى شاتادى.
قۇتىلام دەپ ىسىنەن،
ٴبارىن كورىپ كىسىدەن،
شىعىنعا ابدەن باتادى.
بۇل بولماسا ولىسى،
اۋدارىلىپ قونىسى،
الىستان ٴدام تاتادى.
قىزمەت قىلىپ مال تاپپاي،
عىلىم وقىپ وي تاپپاي،
قۇر ۇيىندە جاتادى.
ەل قىدىرىپ اس ٴىشىپ،
ەركەك ارىن ساتادى.
بالا- شاعا، ۇرعاشى
ۇيدە جاۋراپ قاتادى.
ەڭبەگى جوق ەركەسىپ،
ٴبىر شولاقپەن سەركەسىپ،
پىسىق دەگەن ات شىقتى.
ٴبىر ٴسوز ٴۇشىن جاۋ بولىپ،
ٴبىر كۇن ٴۇشىن دوس بولىپ،
ٴجۇز قۇبىلعان سالت شىقتى.
پىسىق كىم دەپ سۇراساڭ-
قالاعا شاپسا دەم الماي،
وتىرىك ارىز كوپ بەرسە،
كورگەندەردەن ۇيالماي.
سىبىردان باسقا سىرى جوق،
شار ۋاعا قىرى جوق،
وتىرىك، وسەك، ماقتانعا
اعىپ تۇرسا بەينە سۋ.
ات-شاپاناننان كەم كورمەس،
بىرەۋ اتىن قويسا «قۋ».
قۋ ٴناپسىسىن تيا الماي،
اتىم شىعىپ ٴجۇرسىن دەپ،
بەرەكەگە قاس بولسا،
جەلىكتىرگەن ايتاققا،
اراق ىشپەي ماس بولسا،
ەل تىنىش بولسا ازادى،
ەرىگىپ ولە جازادى.
ۇيدە وتىرسا سالبىراپ،
تۇزگە شىقسا البىراپ،
كىسىنى كورسە قىلجاڭداپ،
قالجىڭشىلسىپ ىرجاڭداپ.
ٴوز ۇيىندە قيپاڭداپ،
كىسى ۇيىندە كۇي تاڭداپ،
اقىلى بار كىسىنى
ايبالتايدى، داتتايدى.
اۋقاتى بار تۋعاندى
قايىرسىز ٴيت دەپ جاتتايدى.
مال مەن باقتىڭ دۇشپانى،
كەسەلدى پىسىق كوبەيدى،
كۇشىك يتتەي ۇرىپ ٴجۇر،
كىسىدەن كەممىن دەمەيدى.
قۋ تىلمەنەن قۇتىرتىپ،
كەتەر ٴبىر كۇن وتىرىپ،
قىزمەت قىلعان كىسىسىن،
قۇتىرتۋعا تايايدى.
قىلىپ جۇرگەن ونەرى:
حارەكەتى- ارەكەت.
ٴوزى وڭباعان ٴانت ۇرعان
كىمگە ويلايدى بەرەكەت؟
كىمدى ۇيالتىپ ايايدى؟
راسى جوق ٴسوزىنىڭ،
ىرىسى جوق ٴوزىنىڭ،
وڭكەي جالعان ماقتانمەن
ىشىنىڭ بەتىن بويايدى.
بۇل سوزىمدە جالعان جوق،
ايتىلماي ٴسوزىم قالعان جوق،
ابايلاڭىز، بايقاڭىز -
ەلدىڭ جايى سولاي-ەدى.

ناقىل ءسوز - اقىل ءسوز

مۇزافار المبايەۆ
قازاق سسر مەملەكەتتىك سىيلىعىنىڭ لاۋرەاتى.

كورگەنى جوق ەر كوگەرمەيدى.

*

انالار جىلداردىڭ سالماعىنان
قارتايمايدى،
قىز-ۇلداردىڭ زاردابىنان
قارتايادى.

*

سۇيەسە جاستار قولتىقتان،
كارىلىك كىمدى قورقىتقان؟!

*

الەۋمەت- ءادىل تارازى.

*

وشەر ەلدىڭ بالاسى
وتاۋىن ويلايدى.
وسەر ەلدىڭ بالاسى
وتانىن ويلايدى.

*

حالقىنان ءسوزدى ۇيرەنسە،-
جىگىتتىڭ ءبارى- جيرەنشە.

*

بىلگەندەر جاتقا سوقسا مىڭ
جىلعىنى،
بىلمەگەن ايتا المايدى بيىلعىنى.

*

ەركەنىڭ شىققان بيىگى-
اتا-انانىڭ ىعى.

*

كوز دە- كوڭىلدىڭ ايناسى،
ءسوز دە- كوڭىلدىڭ ايناسى.

*

ايتىلعان وسەك-
اتىلعان كەسەك.

*

ونەرسىزدى ورەنگە سانامَا.

*

ءوي يەسىمەن،
اۋلىيە كيەسىمەن.

*

سۇمداردىڭ ءانىن تىڭداعانشا،
مۇڭداردىڭ زارىن تىڭدا.

*

شىبىن گۇل تۇرعاندا،
كىرگە قونادى.

*

اقيقات پەردە ىزدەمەيدى.

*

تامىرىنان قانباعان،
قابىعىنان قانباس.

* * *

تاسباقا ۇلۋعا تۇلپار كورىنەر.

شەرتپە كۇيدىڭ شەبەرى

قاراتاۋ ءوڭىرىن سۇڭگىر شەرتپەلەرىمەن سانگە بولەگەن كۇيشىلەردىڭ ءبىرى- تولەگەن مومبەكوۆ. ول حالىق كۇيلەرىن شەبەر ورىنداۋشى عانا ەمەس، كوكىرەگىنەن كۇي توگىلگەن كومپوزيتور دا.

تولەگەننىڭ سالالى ساۋساعىنان ورىلگەن «بوزىڭگەن»، «سالتانات»، «قوس باسار»، «كەرتولعاۋ» سياقتى ەل ءسۇيىپ تىڭدايتىن تاماشا تۋىندىلارى بۇل كۇندە ەل ماقتانىشىنا اينالدى.

سۋرەتتە: حالىق كومپوزيتورى، كۇيشى تولەگەن مومبەكوۆ.

سۋرەتتى تۇسىرگەن
ن. جۇبانوۆ.

دۇنگەن ونەرى

جىلقى جىلىنىڭ سوڭعى كۇندەرىندە قازاق سسر ورتالىق مەملەكەتتىك مۇزەيىنىڭ كورمە زالىندا سوۆەتتەر وداعىندا تۇراتىن 60 مىڭنان ارتىق دۇنگەن حالقىنىڭ مادەنيەتى مەن ونەرىنەن ماعلۇمات بەرەتىن كورمە اشىلدى.

دۇنگەندەردىڭ تۇرعىن ۇيلەرىنىڭ تەرەزەلەرى اۋلانىڭ ىشىنە قاراعان، ادەتتە قابىرعاسى مەن دۋالدارى ساز بالشىقتان سوعىلعان. ەدەنى جەر، تەرەزەلەرىنىڭ كەنەرەلەرى تورلانعان، شىنى تابۋ قيىن بولعاندىقتان ونىڭ ورنىنا مايلانعان قاعاز جاپسىرعان.

دۇنگەندەردىڭ جالپى كيىم كيىسىندە ەرەكشەلىكتەر بولعانىمەن، قىتاي، موڭعول، بۇريات، نەنەتستەردىڭ كيىمدەرىن ەسكە تۇسىرەدى. ايەلدەر كيىمدەرى دە قاراپايىم تىگىلىسىمەن، جاراسىمدىلىعىمەن كوز تارتادى. كۇندەلىكتى جانە سالتاناتقا ارنالعان كيىمدەر ونشا وقشاۋلانبايدى. ءبىراق ءار الۋان ماتالاردان تىگىلىپ، اشەكەيلەرىمەن ورنەكتەلەدى. كۇندەلىكتى كيىمدەرى ارزان ماتادان تىگىلىپ، اشەكەيى قاراپايىم بولىپ كەلەدى.

قالىڭدىقتىڭ كيىمىنە كوپ كوڭىل بولىنەدى. ورنەك، اشەكەيى دە مول. قالىڭدىقتىڭ كيىمىن شەشەسى تىگەدى. قالىڭدىق ءوز تالعامىمەن اشەكەيلەيدى.

ايەلدەردىڭ كۇندەلىكتى كيىمىنە «قوس پەن گەورگين» موتيۆى پايدالانىلعان. ول امالدىقتى بىلدىرسە، سالدەگۇلدىڭ بەينەسى جەڭىنە كەستەلەنگەن شاپان- بايلىقتىڭ بەلگىسى.

دۇنگەندەر اياق كيىمدى وتە ۇقىپتى، تازا كيۋگە تىرىسادى. ۇستىڭگى بەتى قاتتى قاعازعا جەلىمدەلەدى. ماتامەن قاپتالىپ، بىرگە تىگىلگەن بىرنەشە قابات ۇلتان جاسالادى. ءسان- سالتاناتقا ارنالعان اياق كيىمنىڭ ۇلتانى قالىڭداۋ، ورنەكتەرىنىڭ بوياۋى قانىق بولىپ كەلەدى. اياق كيىممەن بىرگە جاپسىرمالى وكشەسى بار شۇلىق كيەدى. ايەلدەردىڭ باسىنا كيەتىن كيىمى، كەۋدەسىنە تاعاتىن اشەكەيلەرى وتە جاراسىمدى. ەرلەردىڭ ماتادان توقىلعان اشەكەيلەنگەن بەلدىكتەرى، جەلپۋىشتەر، شىبىن ۇرعىش، شاڭ تازالاعىشتارىنىڭ وزىندىك ەرەكشەلىكتەرى بار.

كورمەنىڭ تاعى ءبىر قىزىقتى جاعى- دۇنگەن ءۇيىنىڭ جيھازدارى. ءداستۇرلى جيھازى- ايەلدەر ماتامەن ءتۇرلى- ءتۇستى جىبەكتەن ستەلگەن كىلەمشە، ونى جاساۋعا جىبەك، ماقتا-ماتا قولدانىلعان. كىلەم بەتىنە وسىمدىكتىڭ نە جان- جانۋاردىڭ بەينەسى سالىنادى. ولاردى اسەم قاعازبەن كومكەرىپ، شيراتا تىككەن. اشەكەي ىشىنە سالدە گۇل مەن باقىت بەلگىسى- كوبەلەك ەنگىزىلگەن.

كورمە دۇنگەن مادەنيەتىن عانا ءبىلدىرىپ قويماي، تاريحىنان دا سىر شەرتەدى. دۇنگەندەر ءداستۇرىنىڭ، مادەنيەتىنىڭ ساقتالىپ كەلە جاتقانىن ايعاقتاي تۇسەتىن نارسە- ول وزىندىك ەرەكشەلىگى بار مونشاقتار، شاش تۇيرەگىشتەر، جۇزىكتەر، ەرلەردىڭ قۇلاق، ءتىس تازالايتىن قۇرالدارى. سونىمەن «كوپ ەستىگەننەن ءبىر كورگەن ارتىق» دەگەندەي، كورمەدەگىنى كوزبەن كورگەنگە نە جەتسىن!

ە. تويشىبەك،
مۇزەي قىزمەتكەرى.

جۇيرىكتىڭ باعى- بايگە دە سىنالار.

اس بەرىلدى

ەلىمىزدىڭ ساياسي-ەكونوميكالىق ومىرىندەگى جاڭالىقتار، ءسوز جوق، قايتا قۇرۋدىڭ شاپاعاتى دەپ بىلەمىن. قازاق جۇرتى تۋعان ەلىنىڭ بيلىگىنە، جەرىنىڭ يەلىگىنە جەتىپ، انا تىلىمىزگە مەملەكەتتىك مارتەبە بەرىلۋى مەرەيىمىزدى ءوستىرىپ وتىر. جارتى عاسىردان استام ۋاقىت بويى بيلەگەن ديكتاتوردىڭ جان تۇرشىگەرلىك قىلمىستى باسشىلىعى كەزىندە وپات بولعان ازاماتتارىمىزدىڭ ەسىمدەرى قايتا ءتىرىلىپ، جويىلا باستاعان ۇلتتىق سالت- داستۇرلەرىمىز جاڭعىرىپ، ومىرگە قايتا ورالدى. ولاردىڭ ناقتى ىسكە اسىپ جاتقانىن ءوزىمىزدىڭ تۋعان جەرىم سىرداريا اۋدانى حالقىنىڭ تۇرمىس- تىرشىلىگىنەن دە ايقىن اڭعارامىن.

جاقىندا اۋداننىڭ «ءبىرىنشى ماي» سوۆحوزىندا قازاق سالتتارىنىڭ ءبىرى- اس بەرۋ ءراسىمى بولدى.

«ءبىرىنشى ماي» سوۆحوزىنىڭ اتاقتى شوپانى قۇربان اكىمۇلى بۇل استى 100 جاساپ، دۇنيە سالعان اكەسى تانابايۇلى اكىمنىڭ ارۋاعىنا ارنادى.

استى وتكىزۋگە اعايىندارى عانا ەمەس، بۇكىل ەل بولىپ اتسالىستى. سوۆەت، شارۋاشىلىق، قوعامدىق ۇيىمداردىڭ باسشىلارىنان ارنايى كوميسسيا قۇرىلىپ، دايىندىق جۇمىستارى جۇرگىزىلدى. الدىن- الا اس بەرىلەتىن كۇن بەلگىلەنىپ، ۇلتتىق ويىندار وتەتىنى، بايگە بولاتىنى حابارلاندى. كورشى مەكەن تۇرعىندارى دا تەگىس شاقىرىلدى.

25 شاقىرىم قاشىقتىققا الامان- جارىس ۇيىمداستىرىلدى. بايگەگە تۇيە، وگىز، قوي، ەشكى سياقتى سىيلىقتار بەرىلدى.

ماحامبەتقالي ماحامبەتجانوۆ.
قىزىلوردا وبلىسى.

ءشۇيىنشى

«شالقار» گازەتىنىڭ وتكەن جىلعى №40 سانىندا يران يسلام رەسپۋبليكاسىنىڭ ازاماتى، قانداس باۋىرىمىز قاجىمۇحاممەد ناڭجارىقۇلىنىڭ تۋىستارىن ىزدەگەن حاتى جاريالانعان ەدى. حاتتى وقىپ شىعىپ، ءوزىمىزدىڭ اۋداندىق «جاڭا ءومىر» گازەتىنە باستىردىم. ويتكەنى حات يەسىنىڭ ىزدەۋ سالعان تۋىستارىنىڭ ءبىزدىڭ ولكەدەن ەكەنىنە ءشۇبام بولمادى. ال «شالقار» گازەتى اۋدان تۇرعىندارىنىڭ قولىنا تولىق تيە بەرمەيدى ەمەس پە؟!

سودان كوپ ۇزاماي مىناداي حات كەلىپ ءتۇستى. ولى قاجىمۇحاممەدتىڭ ىزدەستىرگەن ءدىنى بايۇلى ۋاتاردىڭ قىزى كۇنىماي جازىپتى. جاسى جەتپىستە ەكەن. ونىڭ ايتۋىنشا، وماردىڭ بالالارى ومىر، ماڭگىر، قىزدارى جانىماي، ءسانىماي دۇنيەدەن ءوتىپتى. ال ءسىڭلىسى قانىماي جاڭا وزەن قالاسىندا تۇرادى. جاسى 52-دە. ءابدىلدا ءدۇنبايۇلى دا ءتىرى. ول تۇركمەنستاننىڭ قۇمتاۋىندا. كۇنىماي اۋدان ورتالىعىندا، بالاسى الدابەرگەننىڭ قولىندا تۇرادى ەكەن. مىنا ادرەس ارقىلى حابارلاسىپ، تۋىستىق قارىم- قاتىناس ورناتۋلارىڭىزعا بولادى.

ماڭعىستاۋ وبلىسى،
ماڭعىستاۋ اۋدانى،
اۋداندىق اۋرۋحانانىڭ دارىگەرى
الدابەرگەن دۇيسەنبايۇلى.

اعايىن اراسىن جالعاستىرىپ، تۋىستاردى ءبىر- بىرىمەن تابىستىرۋشى: جولداسقالي ەسماعامبەتوۆ.

ئۇيغۇر كىتاب تور بېكىتى
ئۇيغۇرچە كىتابلارنىڭ يېڭى ئادرېسى
www.uyghurkitap.com

الاتاۋ اياسىنداعى سەرۋەن.

وقىرمان وي تولعايدى

«شالقار» گازەتىنىڭ وقىرماندارىمەن جۇزدەسكەنىنە جىلدىڭ جۇزى بولىپتى. وسى ۋاقىت ىشىندە وقىرماندارى دا، اۋتورلارى دا مولايا تۇستى. مۇنى رەداكسيا پوچتاسىنا تۇسىپ جاتقان حاتتاردىڭ اۋقىمىنان اڭعارۋدامىز. ماسەلەن، وتكەن جىلى رەداكسيامىزعا 765 -تەي حات كەلسە، بيىلعى جىلى ونىڭ سانى ەكى ەسەدەن ارتىپ وتىر. ال شەتەلدەردەگى باۋىرلاستارىمىزدان كەلەتىن حاتتار وتكەن جىلى 40-تاي بولسا، بيىلعى جىلى ٴۇش ەسەگە ارتىپ وتىر.

حات اۋتورلارىنىڭ ٴبىرازى گازەتكە ىزگى تىلەك، العىس، تۋىس- باۋىرلاستارىمەن قاۋىشقان قۋانىش سەزىمدەرىن بىلدىرسە، ەندى بىرەۋلەرى كەزىندە ايتا الماعان، تاريحىمىزدىڭ قايتالانباس، تەرەڭ ماعىنالى، ٴۇمىت قالعان بەتتەرىن كوبىرەك جازىپ كورسەتۋدى سۇرايدى. ال، تاعى ٴبىر توپ جاس وسكىن توتە جازۋعا، اراپ ارپىندەگى باسىلىمعا قىزىعۋشىلىق نيەتتەرىن اڭعارتادى، وزدەرىنىڭ وقىپ- ۇيرەنۋلەرىن تەزدەتۋ ٴۇشىن گازەتتىڭ ات سالىسۋىن قالايدى.

وزىندىك ٴۇنى بار، وزىندىك بەتى بار ٴاربىر گازەت قاشاندا قالىڭ جۇرتتىڭ كوڭىلىنەن شىعۋدى ماقسات ەتەدى. ول ٴۇشىن، ارينە، وقىرمان حاتتارىن پايدالانا وتىرىپ، اسپا- توك ايقاي-ۇرانمەن ەمەس، شىندىق تىلىمەن، قاراپايىم ٴومىر تىلىمەن كورىنۋى ٴتيىس. سىلدىر ٴسوز بەن جۇپىنى جاتتاندىلىقتان اۋلاق، جالپاق ەلدىڭ تاعدىر-تالايىن، بۇگىنگى قامى مەن ەرتەڭگى بولاشاعىن سارالاپ، جازىپ بەينەلەۋ دە ۇلكەن جۇك. وسىناۋ جۇكتى «شالقار» گازەتى كوتەرە الدى ما؟ وعان ٴوزىڭ تورەشىسىڭ، وقىرمان!

«...ەلدەر اراسىنداعى قارىم-قاتىناس نىعايعانى جانىعا شيپا بولدى. ەلۋ جىلداي ٴبىر -بىرىمىزدەن حابار - وشار الا الماعان، بۇ دۇنيەدە كورۋدەن ٴۇمىت ۇزگەن شاعىمىزدا تۋىستارىمىزدان دا حابار الاتىن كۇن تۋدى... حاتپەن سالەمدەسىپ تۋعانىمىزدا ۇلكەن مەرەي بولدى» -دەپ جازادى تۇركيادا تۇراتىن زەينەل سۇرمەلى. بۇل كىسى گازەتىمىزدىڭ بەلسەندى اۋتورى. تسەلينوگرادتىق قۇربىسى ناسىپامەن ولەڭ حات جازىسىپ تۇرادى. سونداي -اق، ەرول يىلدىر دە تۇركيادان: «...قازاق حالقىنىڭ سىرما، سىرماق ونەرى، مەن كاۋكاز حالىقتارىنىڭ كيىز- سىرما ونەرلەرى اراسىنداعى بايلانىس جانە كيىم ۇلگىلەرىندەگى كەيبىر ۇقساستىقتاردى تالداۋ جاساپ زەرتتەۋشى ەدىم. سىنە جاردەم بەرسەڭىزدەر ەكەن دەپ ٴۇمىت ەتەمىن...» - دەپ حات جازادى.

سوناۋ فرانسيادان حات جولداعان ٴناجىپ جانە ٴسابيرا: «الىستا جۇرگەن اعايىن، اتا-مەكەنىن اڭسامايدى، قانداس باۋىرلارىن ساعىنبايدى، كۇندەلىكتى كۇيكى تىرلىكتەن ارى اسا المايدى دەگەنگە ٴوز باسىم سەنبەيمىن. ۇيتكەنى، اتا- قونىستان شالعايداعى فرانسيا توپىراعىندا كۇنەلتىپ جۇرسەك تە،تۋعان ەل، تۋعان جەر تۋرالى ويىمىزدى سانامىزدان شىعارعان جوقپىز. اسىرەسە،«شالقار» گازەتىنىڭ ٴار بەتىنەن، ٴار ماقالاسىنان كيەلى وتانىمىزدىڭ قىزۋلى تىنىسىن سەزگەندەي بولامىز. سوندىقتان ونىڭ ٴار سانىن اسىعا كۇتەمىز» دەپ تولعانادى.

ىستىق سەزىمدەرىن جولداعان باۋىرلاستارىنا تۋعان جەردەگى وقىرماندارىمىز دا ىقىلاسپەن ٴۇن قاتىپ جاتادى.

جەزقازعاندىق قارت انا ٴۇمسىناي ٴازىحانقىزى:«شالقار» گازەتىن ۇزبەي وقىپ تۇرامىن شەتەلدىك باۋىرلار سالەمى، ولاردىڭ ىزگە، تۋعان جەرگە دەگەن ىستىق لەبىزى وزىنە ەرىكسىز باۋراپ الادى. مەن وسى گازەت بەتىندە جاريالانعان ٴشامشابانۋ حامزاقىزىنىڭ ولەڭدەرىن سۇيسىنە وقىپ شىقتىم».

ال تالدىقورعاندىق سانسىزباي شوپانقۇلۇلى مانسۇر تايجىعا جازعان حاتىندا: «سىزگە زور ىقىلاستى سەزىمىمەن جولىعىپ، جارقىن جۇزىڭىزدى كورىپ، ماڭدايىڭىزدان ٴبىر يىسكەسەم ارمانىم جوق، مانسۇر باۋىرىم! مەن ٴسىزدى قادىرلى باسىلىمىمىز «شالقار» گازەتى ارقىلى قوناقتا شاقىرامىن» - دەيدى.

ەندى ٴبىر حات يەلەرى، قيىن كەزەڭدەردە ٴبىر-بىرىنەن كوز جازىپ قالعان اعايىندارىن گازەت بەتىندەگى «دانەكەر» بۇرىشى ارقىلى تاۋىپ، تابىسقاندىعى تۋرالى العىسقا تولى سەزىمدەرىن جولدايدى. گۇريەۋتىك وڭداعان انەتۇلى باۋىرى ۇعىنابايدىڭ يراننىڭ بەندەرتۇركپەن قالاسىندا ٴومىر سۇرىپ جاتقاندىعىنان حابار الىپ تابىسسا، مونعوليانىڭ بايان- ولگي قالاسىنان ٴبىلىم ايدارحانۇلى، يراندىق ق. تاڭجارىقۇلى، ت. ب. ازاماتتار دا «دانەكەر» بۇرىشى ارقىلى تۋىستارىمەن تابىسقاندىعىن قۋانا حابارلايدى.ولاردىڭ «شالقار» گازەتىنىڭ رۋحاني دەم بەرۋشىعانا ەمەس، اعايىن مەن اعايىندى تابىستىرۋشى دانەكەر دە بولىپ وتىرعاندىعىنا العىستان باسقا ايتارى جوق.

زەردەلى، ويلى وقىرماندارىمىز گازەت ساپاسىنىڭ ونان سايىن ارتا تۇسۋىنە بايلانىستى تىلەك -تابىستارىن قوسا جولدايدى. ۋرالدىق وقىرمانىمىز م. ساڭكبايۇلى: «الىپپە ساباعىن جەكە كىتاپشا ەتىپ شىعارۋعا باسپا ورىندارىنا ۇسىنىس ەنگىزسەڭىزدەر نۇر ۇستىنە نۇر بولار ەدى»، -دەسە، ە. قاپانۇلى:«شىعىستانۋ سالاسىندا ەڭبەك ەتىپ جۇرگەن عالىمداردىڭ زەرتتەۋلەرى مەن ەڭبەكتەرى دە ٴجيى جاريالانىپ تۇرسا» - دەپ تىلەك بىلدىرەدى.

ال، مىنا ٴبىر حاتتىڭ يەلەرى شىمكەنتتىك سىرلىباي يگىبايەۋپەن قوستانايلىق ب. جانتاسوۋتار ايىقپاس دەرتىنە شيپا ىزدەۋگە «شالقار» گازەتىنىڭ كومەكتەسۋىن وتىنەدى.

«شالقار» گازەتى شاراسىز جانداردىڭ جان داۋسىن الەم حالىقتارىنىڭ قۇلاعىنا جەتكىزۋدى ٴوزىنىڭ بورىشى ساناپ، ونى ورىندادى دا.

كەيبىر حات يەلەرى گازەتتى باساتىن قاعازدىڭ ساپاسىزدىعىن، ٴبىر قاتار ارىپتەردىڭ جوقتىعىن قىنجىلا جازادى. وسى «اتتەگەن-ايلار» باسىلىم بەتىندە جاريالاندى دا. كوپتەگەن وقىرماندار گازەتتى ۋاقتىندا المايتىنىن جازىپ، كومەك وتىنەدى. بۇل تۋرالى دا گازەت ماسەلە كوتەردى. ٴبىرازى ناتيجەنىڭ جەمىسىن كورگەنىن حابارلايدى. كوپتەگەن شەتەلدىك باۋىرلاستار قازاقشا كىتاپتار، دومبىرا تاعى باسقا ۇلتتىق بۇيىمداردى جىبەرۋىن وتىنىپ سۇرايدى. اياقسىز قالماعان وتىنىشتەرىنە العىس ٴبىلدىرىپ تە حات جازىپ جاتادى. اقش-تان حات جولداعان ٴسايىدا ٴالى: «سىزدەر جىبەرگەن گازەتتەردى، ەكى تومدىق كىتاپتى الدىم. شەكسىز العىسىمدى بىلدىرەمىن» دەپ جازادى.

شىندىق پىكىر تالاستان تۋادى.

سوڭعى كەزدە گازەت ٴتۇرلى كوز قاراستاعى وقىرمانداردىڭ پىكىرتالاس وتاۋىنا اينالدى. اسىرەسە اي اتاۋلارىنا بايلانىستى ٴتۇرلى-وي پىكىرلەر باسىلۋى گازەت بەتىندە تۇڭعىش رەت قولعا الىنىپ وتىر. الداعى ۋاقىتتا مۇنان دا باسقا سونى باستامالاردىڭ ۇيتقىسى- وقىرمان قاۋىم، وزدەرىڭىز بولارسىزدار دەگەن ويدامىز. بۇل ورايدا مونعوليالىق ا. قالي قىزى، و. زارحۇم، ج. كاكەي، م.قابداي، م. ەگەۋحان،تۇركيالىق ز.سۇرمەلى، م. بايحونۇلى، ز.تايجى، گ. قوزىبەكقىزى، شىمكەنتتىك ا.بايتەليەۋ، قوستانايلىق س.بايكەنوۋ، ج.مۇسابايەۋ، ماڭعىستاۋلىق ج. سۇندەتوۋ سياقتى گازەتىمىزدىڭ ماقتانىشىنا اينالعان بەلسەندى اۋتورلارىمىزدىڭ قاتارى كوبەيە تۇسەدى دەگەن ۇمىتتەمىز.

حات جانە بۇحارالىق جۇمىستار ٴبولىمى.

حادىيس

247-حادىيس. بىرەۋگە سىيلىققا بەرگەن نارسەسىن قايتارىپ العان كىسى قۇسقان قۇسىعىن قايتا جەگەن ٴيت سياقتى.

248-حادىيس. كەيبىر ٴسوز سيقىرلى. كەيبىر ولەڭ كەرەمەت. ٴسوزدىڭ دە ٴسوزى بار. كەيبىر ٴسوز سيقىر سەكىلدى اسەر ەتەدى. اسا ناشار جەكسۇرىن نارسەلەردى وتە ادەمى كورسەتەدى. جاقسى سويلەۋشىلەر كوپ جاعدايدا حالىقتىڭ پىكىرىن وياتادى. تازا جۇرەكپەن وزىنە قاراتا الادى. جاقسى ٴسوز تىڭداۋشىنى ەرىكسىز ۇيىتادى. ادامدار جاقسى سويلەۋشىنىڭ سوزىنە كوڭىل بولەدى. كەيبىر اقىندار كەرەمەت ولەڭدەر ايتادى. تەك سول كەرەمەتى مول ەرەكشە ولەڭدەردى ايتۋ لايىق.

249-حادىيس. اللاتاعالانىڭ الدىنداعى قادىرلى سانالاتىن ٴىس: جاسى ۇلكەن كىسىنى سىيلاۋ، شىن ىقىلاسپەن وقىلعان قۇراندى تىڭداۋ، ادىلدىكپەن، جاقسىلىقپەن ايقىن جول كورسەتكەن سۇلتانداردى، حاليفالاردى قۇرمەتتەۋ.

250-حادىيس. وتىرىكشىنىڭ بارىپ تۇرعان جەكسۇرىنى - كورمەگەنىن كوردىم دەپ، شىن كورگەن بولىپ ايتۋى. ٴتىپتى تۇسىمدە انانى، مىنانى كوردىم دەپ سويلەۋى. بۇل كۇنانىڭ ەڭ زورى جانە ەڭ جەكسۇرىن قىلىق.

دانەكەر

اكەم ابدىكارىم راحيموۋتىڭ تۋعان اپەكەسى ساعيلانىڭ قىزى شىكتاي شينجاڭنىڭ شاۋەشەگىندەگى تولى اۋدانىندا ەدى. بىلەتىندەر بولسا سەمەي وبلىسى، اياگوز قالاسى، بلاجەۋيچ كوشەسى 28 ٴۇي، 28 پاتەردە تۇراتىن رايحان ابدىكارىموۋاعا حابارلاۋىن سۇرايمىن.

* * *

قىتاي حالىق رەسپۋبليكاسى بىلىكشى، جىرعالاڭ دەگەن جەردە ناعاشىبەك الدابەكۇلى، ونىڭ اناسى تۇراحان تۇراتىن. يمانعازى، قۇرساقباي، سايراش اتتى بالالارى بار ەدى. وسى كىسىلەردى بىلەتىندەر تالدىقورعان وبلىسى، كيروۋ اۋدانى، لەنين اتىنداعى سوۆحوزدىڭ تالاپتى بولىمشەسىندە تۇراتىن مۇحامەر نۇرتىلەۋوۆكە حابارلاسا ەكەن.

* * *

ٴتايجىن كوكسەگەنۇلى قاشاۋدىڭ ەكى بالاسى بار ەدى. بايىشەسىنىڭ اتى كۇدەر بولاتىن. ولار شينجاڭنىڭ قاي جەرىندە تۇراتىنىنان حابارسىزبىز. مەكەن جايىن بىلەتىندەر رەداكسياعا حات جولداسا ەكەن.

**باينباي،
مونعوليا.**

رەداكتور
ۋ. قىدىرحانوۋ

ادرەس: س س ر و، 480044 الماتى قالاسى، «جىبەك جولى» كوشەسى، 50 ٴۇي، تەلەفوندار: 77-86-33، 33-86-85، 33-86-95، 33-86-33، يندەكس 654011
480044, г. Алма-Ата; ул. «Жібек жолы» 50, 7 этаж. Редакция газеты «Шалқар». Индекс 654011